

Әділетті Қазақстан

Қазір заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жұмысы жандана түсті. Қайтарылған активтер мен мүліктер қолды болып кетпеуі керек. Барлық қаражат толығымен экономиканы дамытуға жұмсалуды қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖАНДАНДЫРУ

3

ӘЛЕУМЕТ



БАПТАЙ БІЛСЕҢ, ЖЕР ЖОМАРТ!

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ТОБЫЛҒЫ ЖАРҒАН» АМАЛЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.04.2023

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

28.04.2023

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №53 (6346) 27 сәуір, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ГҮЛ ӨССЕ – ШАҢАР КӨРКІ

Биыл 185 мың шаршы метр алаңға гүл отырғызылады



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһарда декоративті гүлдермен көгалдандыру жұмыстары басталды. Биыл қалада шамамен 185 мың шаршы метр алаңға декоративті гүлдер егілмек. Оның ішінде 50 мың шаршы метрден астам аумаққа бір жылдық гүлдер, 100 мың шаршы метр аймаққа көпжылдық гүлдер егіледі. Бұдан бөлек, шамамен 32 мың шаршы метр алаңға газон төселеді.

2

ЖЕҢІЛДІК

ЖАСТАРҒА 2,5 ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Бұл мақсатқа 4,8 млрд теңге бөлінді



Алматыда кәсіп ашамын деп ниет еткен жастарға төмен пайызбен шағын несие беріледі. Бұл мақсатқа 4,8 млрд теңге бөлінді. Шағын несие конкурстық негізде 21–35 жас аралығындағы жастарға беріледі. Бұл жөнінде толығырақ Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Аграрлық несие корпорациясының» Алматы қаласы бойынша филиалының өкілдері тарқатты.

3

ҚЫСҚА...

- Президент бүгін өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясына қатысады.
- Сенат Төрағасы Алматы облысының мәслихат депутаттарымен кездесті.
- Әліхан Смайылов Иран Ислам Республикасына ресми сапармен барды.
- Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев бүгін Алатау ауданының тұрғындарымен кездеседі.
- Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссия отырысы өтті.
- Қазақстан мен Кувейт арасындағы қатынастар нығаяды.
- Үкімет басшысы жыл соңына дейін инфляцияны 2 есе төмендетуді тапсырды.
- Қазақстан аумағында 237 ҰОС ардагері тұрады.
- Журналистер күніне орай дәстүрлі байқау жарияланды.
- Қазақстанда Aqyl Battle интеллектуалды жарысы басталды.
- Алматыдан «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы жолға шықты.
- Медпойыз 5 желтоқсанға дейін 112 станцияның 80 мыңнан астам тұрғынына қызмет көрсетеді.
- Елімізде екі жаңа банк пайда болуы мүмкін.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясына қатысады.

■ ПАРЛАМЕНТ

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің депутаттары ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде көшпелі отырыс өткізді.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті одан әрі қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік мәселелері негізгі тақырып болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали заңның негізгі жаңалықтары туралы жан-жақты айтып берді. Ол өз сөзінде кірістер мен мүліктерді жалпыға бірдей декларациялау, негізсіз баю фактілерін анықтау, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыру тетіктері туралы айтты.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді.

Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында бірқатар жаңа жоба жүзеге асырылады. Өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында 5 мыңнан астам жұмыс орнын ашу арқылы жаңа жобаларды іске асыру, машина жасауда локализациялауды кеңейту және қалалардағы ағынды суларды тазарту деңгейін 78%-дан 89%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік беретін 24 кәріздік тазарту құрылысын салу жоспарлары қарастырылды. Сонымен қатар, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ қызметінің мәселелері, «KEGOC» АҚ акцияларының бір бөлігін SPO арқылы бәсекелес ортаға беру, сондай-ақ 10 коммуналдық меншік ұйымын Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарынан алып тастау мәселелері талқыланды.

■ АДАМИ КАПИТАЛ

Үкімет жанындағы отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысында адами капиталды дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Жиынға қатысушылар экономика салаларына кадр даярлау, түлектерді жұмысқа орналастыру, дуальды оқыту, кәсіби стандарттарды әзірлеу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру, салық төлеуге ынталандыру, жекеменшік мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамыту, инженерлік қызмет және басқа да мәселелерді жан-жақты талқылады.

Экономика қажеттіліктері үшін маман даярлау Үкіметтің басым міндеттерінің бірі екеніне маңыз берілді. Осыған байланысты азаматтар мен бизнестің белсенді қатысуымен экономиканың нақты қажеттіліктеріне назар аударатын отырып, білім беру жүйесін жетілдіру және жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Қолжетімді интернет» ұлттық пилоттық жобасын іске асыру жоспарлары қаралды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин ұлттық жобаның негізгі мақсаты азаматтар мен бизнесті кемінде 100 Мбит/с деңгейінде жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтамасыз ету екенін баяндады. Осылайша 60 мың шақырым кабельдік телекоммуникация инфрақұрылымын салу арқылы 3 мыңнан астам ауылды интернетпен қамту жоспарланып отыр. Шалғайдағы шағын ауылдық елді-мекендерді кең жолақты интернет желісімен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану көзделіп отыр. Сонымен қатар, 17 000 шақырым республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Ол үшін 480-нен астам тиісті антенна-діңгекті құрылыстарды орнату жоспарланып отыр. Сондай-ақ, республикалық маңызы бар қалалар мен кейбір облыс орталықтарында 5G ұялы байланыстың жаңа буыны енгізіледі. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қала мен астананы қамту 75%-ды, ал облыс орталықтарын қамту 60%-ды құрайды деп күтілуде. Ұлттық жоба аясындағы жекелеген бағыт – мектептердің интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Ұлттық жобаның тағы бір мақсаты – Қазақстанды аймақтық цифрлық хаб ретінде қалыптастыру.

■ ИНФЛЯЦИЯ

Үкімет отырысында 2023-2024 жылдарға арналған инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі өзектендірілген шаралар кешені қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өзектендірілген шаралар кешені отандық өнімдерді (азық-түлік, құрылыс материалдары, жеңіл, химия және фармацевтика өнеркәсібі тауарлары және т.б.) сақтау, логистика және бөлшек сауда саласындағы қадамдарды, баға белгілеуді бақылауды, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуді көздейтін жедел және орта мерзімді сипаттағы 93 іс-шарадан тұратынын баяндады. Атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының, жанар-жағармайдың, көмір мен дәрі-дәрмектің бағасын тұрақтандыру шаралары әзірленді.

«Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру. Өңір әкімдіктері әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасына мониторингті күшейтуі қажет. Әсіресе, үстеме бағалардың тиісті 15%-дық мөлшерден асып кетпеуін қадағалау керек. Әкімдіктерде бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар. Халық қабылданып жатқан шаралардың нақты нәтижесін көруі керек», – деп атап өтті Әлихан Смайылов.

■ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ

Жыл басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен орта есеппен 538,3 мың отбасы жалпы сомасы 101,1 млрд теңге мөлшерінде қамтылды, оның ішінде наурыз айында 544,3 мың отбасына 34,3 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кемелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. Көпбалалы отбасыларындағы:

- 4 баласы бар отбасыларға – 16,03 АЕК немесе 55 304 теңге;
- 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 69 138 теңге;
- 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 82 973 теңге;
- 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге;
- 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 13 800 теңге мөлшерінде.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ
СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Экономист мамандар болжам жасады



Алматыда Қазақстан Ұлттық Банкінің «Ақша кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық сын-қатерлер» тақырыбында III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Конференция жұмысына экономика саласындағы тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық Банкінің, академиялық қауымдастықтың, зерттеу орталықтарының, қаржылық және халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік институттардың өкілдері қатысты.

«Бұл конференция атаулы мерейтой жылы өткізіліп отыр. Биыл ұлттық валюта – теңгенің айналымға енгізілгеніне 30 жыл толады.

Соңғы жылдары біз жоғары құбылмалылық пен белгісіздік жағдайында өмір сүріп, шешім қабылдап келеміз. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстар өзгеріп отыр. Сауда құрылымы өзгерді. Бұл жаңа экономикалық шындық оңтайлы ақша-кредит саясатын жүргізу үшін дайын болуды қажет етеді. Осыған байланысты біз инфляцияның нысаналы бағдарларының қалыптасып отырған сын-қатерлерге сәйкестігін талқылап, жағдайды, біздің міндеттерімізді тұжырымдауды және ақша-кредит саясатының стратегиясында белгіленген инфляция

бойынша 2025 жылдан бастап 3-4 пайыздық орта мерзімді мақсатқа қол жеткізуді бағалағымыз келеді», – деді ҚҰБ Төрағасының орынбасары А.Баймағамбетов.

Іс-шара барысында Ұлттық Банк пен академиялық қауымдастықтың өкілдері конференция қатысушыларына ортамерзімді кезеңдегі тұтынушылық бағаның динамикасы бойынша мәліметтерді, инфляция бойынша мақсатты бағдарларды белгілеу және оған қол жеткізу бойынша зерттеулер қорытындысын таныстырды. Тәуелсіз сарапшылар инфляцияның оңтайлы таргетін анықтау және оны тұрақтандыру бойынша монетарлық саясат жүргізуге қатысты өз пайымдарын ортаға салды.

«Жалпылай айтқанда, экономистер мен болжаушылардың пікірі инфляция түсе бастайды деген ортақ тұжырымға келеді. Бұл өз кезегінде ақша-кредит саясатының шаралары дұрыс таңдалғанын көрсетеді. Базалық мөлшерлемені төмендетуге қатысты қажеттілік инфляция 13%-дан 12%-ға дейін төмендегенде ғана өзекті бола алады», – дейді Халықаралық валюта қорының Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия елдері үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығының экономисі Нұрдәулет Әбілов.

Конференцияда ақша-кредит саясатының ұзақмерзімді стратегиясы, жаһандық трендтер мен оның Қазақстандағы инфляциялық үдерістерге ықпалы, ішкі инфляция факторлары, Қазақстандағы ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттың өзара әрекет етуі талқыланды.

■ ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ГҮЛ ӨССЕ – ШАҒАР КӨРКІ
Биыл 185 мың шаршы метр алаңға гүл отырғызылады

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

2022 жылдың күзгі кезеңінде жалпы ауданы 15 469 шаршы метрге баданалы гүлдер отырғызылды. Ауа райы қолайлы болса, қызғалдақтар мамырдың ортасына дейін гүлдейді. Қызғалдақтардың гүлде-

нуінен кейін біржылдық және көпжылдық гүлзарларды отырғызу жұмысы басталады.

Көпжылдық гүлзарларға кезек-кезеңімен көшу аясында көпжылдық гүлдердің үлесі 2023 жылы 60%-ды құрап отыр.

Айта кеткен жөн, Алматыны декоративті гүлдермен көгалдандыру бес жылда бір рет жаңартылады. Гүлдер негізінен белгіленген үлгі бойынша таңдалады. Қазіргі

уақытта Алматыда колабус, абба, династия, раушан, эхинацея, күндізгі гүл, лаванда, шалфей, мискантус, гортензия, begonia, петунья, герань, тагетис, сальвия және т.б. гүлдер отырғызылуда.

Бүгінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында қаланы декоративті көгалдандыру жұмыстарына 400-ге жуық адам және 50-ден астам техника жұмылдырылған.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖАНДАНДЫРУ

туралы уағдаластыққа қол жеткізілді



Алматы қаласының әкімі «Қытайдың Синьсин корпорациясы» директорлар кеңесінің төрағасымен кездесті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың «Қытайдың Синьсин корпорациясы» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Чжан Цзяньмен кездесуінде цифрландыру, ескі тұрғын үйлерді реновациялау бағдарламасы бойынша ғимараттар салу, электронды коммерция нарығын дамыту саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері қаралды.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

SMART City жобаларын іске асыруда көршілес ел қалаларының үлкен тәжірибесі бар. Global Innovation Index–2021

рейтингіне сәйкес Қытай әлемдегі ең инновациялық дамыған елдердің арасында 12-орында (Қазақстан – 129 ел арасында 79-ы орында) тұр.

Тараптар ахуалдық орталық құрудағы, ТКШ жүйелерін автоматтандырудағы, «Ақылды қала» жобасы аясындағы, сон-

дай-ақ қоғамдық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, білім беру және көлік саласындағы цифрлық шешімдерді енгізуде өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін талқылады.

Жергілікті өндірушілер үшін өткізу нарықтарын кеңейтуге және екі ел арасындағы экономикалық процестерді жеделдетуге мүмкіндік беретін электронды сауда платформасын әзірлеу мен бірлескен кәсіпорын құру мәселесі қаралды. Айта кетерлігі, 2021 жылы Alibaba.com маркетплейсінде «Gold Supplier» иелері ретінде Алматының 12 компаниясы аталса, 2022 жылы олардың саны 56 компанияға жетті.

Тараптар жаңа технологиялар саласындағы жұмысты жандандыру үшін IT бизнеске өзара жан-жақты қолдау көрсету туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Қала басшысы шетелдік инвесторларды Алматы индустриалды аймағы мен «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА аумағында бірлескен жобаларды құруға белсенді қатысуға шақырды. Онда қазіргі уақытта қытай тарапымен бірлесіп үлкен диаметрлі болат (дәнекерленген спиралешов) құбырларын шығаратын зауыт салу («Asia Steel Pipe Corporation» ЖШС), жылу радиаторларын өндіру («Valtherm» ЖШС), электроника және аспап жасау («Bona Electric» ЖШС) бойынша бірқатар жобалар табысты іске асырылуда.

«Қытайдың Синьсин корпорациясы» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Чжан Цзянь қала басшысына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіріп, Алматының бірлескен өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін үлкен әлеуеті ғана емес, сонымен қатар географиялық орналасуы мен қолайлы табиғи-климаттық жағдайларының өте тиімді екендігін, соның арқасында көптеген инвесторларды тарта алатынын атап өтті.

Айта кетейік, бүгінде Алматы қаласында қытай капиталының қатысуымен 1064 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның 326-ы бірлескен, 738-і шетелдік (Қазақстанда – 1869) кәсіпорындар. 2022 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы екіжақты тауар айналымы 40%-ға өсіп, 6,8 млрд АҚШ долларын құрады.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда экономикалық
индикатор
23,9%-ға өсті



Шаһарда «Жайлы мектеп»
жобасы аясында
22 МЕКТЕПТІҢ
құрылысы басталады



Мегаполисте 2030 жылға қарай
45 ШАҚЫРЫМ
ЛРТ желісі салынады



Алматының Индустриалды
аймағында
238,6 МЛРД ТЕҢГЕ
сомасындағы 64 жобасы бар
63 компания тіркелген



Мегаполис
шағынаудандарындағы
160-ТАН АСТАМ
АУЛАДА
жөндеу жұмыстары жүргізіледі



Алматыда
150
субұрқақ бар

ЖЕҢІЛДІК

ЖАСТАРҒА 2,5 ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Бұл мақсатқа 4,8 млрд теңге бөлінді



Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

Спикерлердің айтуынша, жас кәсіпкерлер бизнес-жобасын төмен пайызбен (2,5%) жүзеге асыра алатын болады.

«Бұл бағдарлама бойынша республикаға 28,9 млрд теңге бөлінді, оның 4,8 млрд теңгесі Алматы жастары иеленеді. Бұл мыңға жуық кәсіпкер мен жастар. Алматы қаласы бойынша 200 кәсіпкер мен жастарға кеңес беріліп, 20 кәсіпкердің өтініші қабылданды, оның төртеуі комиссия қарауына жіберілді», – дейді «Аграрлық несие корпорациясының» Алматы қаласы бойынша филиал директорының несиелеу жөніндегі орынбасары Әйкен Сейітқас.

Спикердің сөзіне сүйенсек, өтініш берер сәтте жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауы керек. Бағдарламаға жұмысшы жастар да қатыса алады.

Берілетін шағын несие көлемі 5 млн теңгеге дейін бекітілген. Мал шаруашылығы жобалары үшін өтеу мерзімі – 7 жылға дейін, ал бизнестің басқа бағыттары үшін – 5 жылға дейін. Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кезінде шағын несие мерзімінің үш-



тен біріне дейін жеңілдік кезең қарастырылған.

Міндетті шарт – кепілдікке мүлік болуы керек. Кепіл ретінде жылжымалы және жылжымайтын мүлік қабылданады. Ал кепілдік мүлік болмаған жағдайда, кепіл беруші ретінде үшінші тұлғаларды (ата-ана, туыс және т.б.) тартуға болады.

Несие беру туралы шешімді қала әкімдігі жанынан құрылған арнайы комиссия қабылдайды. Комиссия құрамына қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, бизнес-қоғамдастықтардың және БАҚ өкілдері кіреді.

«Үміткерлер өзінің бизнес-жобасын

комиссия отырысына ұсынады. Сосын олардың арасынан ең маңыздысын комиссия тандайды. Бизнес-жоба өзекті, дәлелді, әлеуметтік маңызға ие, өміршең болуға тиіс және оның нақты іс-қимыл жоспарына да назар аударылады. Бұл ретте тұрғын үй, жер учаскесін, бағалы қағаздар сатып алуға, баспана жөндеуге, қару-жарақ, есірткі және басқа да мүлкті өндіруге, сатып алуға несие берілмейді», – деді А.Сейітқас.

Жеке кәсіп ашамын дейтін жастардың назарына қажетті құжаттар тізімін ұсынамыз: жеке басын куәландыратын құжат; жоба бойынша бизнес-жоспар; қызмет көрсететін банктен шоттың бар екенін растайтын анықтамалар; қаржы ұйымдарынан (несие болған кезде) несие берешегінің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің болуы туралы анықтамалар; қатысушының/үміткердің жалақысын және (немесе) өзге де табыстарын растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме); кепіл мүлкті бағалау туралы есеп; кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар.

Өтініш, құжаттар Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 5-үйде орналасқан «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалында қабылданады. Ал толық ақпаратты корпорацияның agrocredit.kz сайтынан білуге болады.



ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

Қазіргі таңда бүкіл әлем шахматтың адам санасының кемелденуіне, ұшқыр ойлап, күрделі мәселелерді шешуіне тигізер зор пайдасы бар екеніне тәнті болды. Тіпті, әлем ғалымдары шахматтың күрделі мәселелердің түйінін шешіп, байсалды шешім қабылдауға, өмірдегі қиын жағдайлардың жолын табуға көмектесетінін де дәлелдеп берді. Ендеше, мұндай спорт түрімен неге айналыспасқа?

ШАХМАТ – БЕКЗАТ ОЙЫН

Рая
ЕСКЕНДІР

Сондықтан алматылық қариялар да осынау бекзат спорт түріне ден қойып, белсене қолға алып отыр. Қаламыздағы Жансая Әбдімәлік атындағы шахмат академиясына сегіз ауданның спортшылары жиналып, өзара жарыс өткізді. Әншейінде біле бермейді екенбіз, қариялардың арасында да мықты спортшылар бар болып шықты. Жарыстың ашылу салтанатында Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бахтияр Камалов сөз

алып, өткізіліп отырған іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

– Спорттың қай түрі болсын, денсаулыққа пайдалы. Біз қала қариялары арасында спорттың сегіз түрі бойынша сайыс өткізуді қолға алып отырмыз. Осыған дейін спорттың шашка ойнау түрінен жарыс өткізсек, енді шахматты қолға алып отырмыз. Шаһар басшысы қала қарияларының бос уақытын тиімді өткізуі үшін барлық жағдайды жасалған. Сондықтан біз де өз кезегімізде мұндай бастамаларға қолдау білдіруге дайынбыз, – деді Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрқасым МОЛДАСАНҰЛЫ, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Спорт және сауықтыру комиссиясының төрағасы:

– Қалалық Ардагерлер кеңесі қарияларымыздың салауатты өмір салтын қалыптастыруына кеңінен қолдау көрсетіп отыр. Жақында қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов үлкен кеңес өткізіп, биылғы өткізетін спорттық іс-шаралардың жоспарын бекіткен еді. Осы ретте сегіз спорт түрін таңдадық. Алдымен қариялар шашка ойнап жарысса, енді шахматтан жарысын жатыр. Қарияларымыздың жас шамасы әртүрлі болғандықтан, 5 ерлер, 2 әйелдер командасын жасақтадық. Осылайша командалық есеп бойынша жүлделі үш орын тағайындап отырмыз.

СЕМИНАР

Алматыдағы Логистика және көлік академиясында ауыл шаруашылығы мәселесіне қатысты семинар өтті. Шараға Қазақ ұлттық зерттеу аграрлық университеті мен Логистика және көлік академияның профессорлары мен студенттері қатысты.

КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ
ел дамуының негізі

Суретті түсірген Samat СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Еліміздің көлік-логистикалық жүйесін жаңа технологиямен жабдықтау, инновациялық дамыту мен тиімді басқару – өзекті мәселелердің бірі. Көлік-логистикалық жүйе еліміздің барлық өңірі арасында экономиканың негізгі құралы болып саналады. Тауарлардың транзитін әлемдік нарыққа шығуын қамтамасыз етеді.

«Бүгінде ауыл шаруашылығының өзін жаңа технологиясыз дамыту оңай емес. Уақыт өте келе технология тез өзгеріп жатыр. Ескі технологиямен сапалы өнім алу мүмкін емес. Өкінішке қарай, қазір шығатын өнімнің өнімділігі өте төмен деңгейде. Өйткені, жер эрозияға

түсіп кетті. Сондықтан ауыл шаруашылығына керекті технологияны дұрыс таңдау қажет. Оны дұрыс таңдайтын білімді мамандар керек. Жергілікті фермерлерге заманауи технологияны көрсетіп, оқыту керек. Барлық фермердің трактор, комбайн сияқты құралдарды алуға мүмкіндігі жоқ. Егер логистикалық орталықтар болса, фермерлер одан ауылшаруашылығына керекті құралдарды алушы еді. Егін егу мерзімі – 1 ай. Егінді жинау да – 1 ай. Қалған 10 айда техника құр тұрады. Оның қаржысы, салығы бар. Бәрі шығарған өнімнің құнына түседі де, азық-түліктің қымбатшылығына әкеліп соғады. Тек технологиялық қана емес, экономикалық және әлеуметтік мәселе туғызады», – дейді техника ғылымының докторы, профессор Жұмажан Жанбыров.

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

СУБҰРҚАҚТАР ӘЛЕМІ

Шаһарда фонтандар маусымына дайындық басталды

Алматыда фонтандарды іске қосу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ағымдағы жылдың ақпан айында қабылданған фонтан шаруашылығын күтіп ұстау мен техникалық қызмет көрсетудің жаңа ережелері бойынша қаладағы фонтандар 1 мамырдан 1 қазанға дейін күн сайын сағат 8.00-ден 23.00-ге дейін жұмыс істейтін болады.

Бұрын фонтандар маусымы 25 мамырдан 25 қазанға дейін созылатын. Айта кетерлігі, фонтандар +5°C-тан жоғары температурада жұмыс істей алады.

Бүгінгі таңда Алматыда 150 фонтан бар, оның 64-і коммуналдық меншікте. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында фонтанда



шомылуға қатаң тыйым салынады. Ол үшін ескерту жазулары бар қалқандар орнатылады. Сондай-ақ, ережелерде сымдардың электр оқшаулауы бұзылған фонтан жабдықтарын пайдалануға тыйым салынады. Суды толық тазартпайынша

фонтан іске қосылмайды әрі қауіпсіздік үшін видеобақылау жүйесімен қамтамасыз ету ұсынылады. Фонтанның электр жабдыктарын жөндеу және қызмет көрсету жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.

29 СӘУІР – БҮКІЛӘЛЕМДІК БИ КҮНІ

БИ БИЛЕУДЕН ЧЕМПИОНАТ ӨТЕДІ

Алматыда 600-ден астам тұрғын спорттық бимен кәсіби тұрғыда айналысады. Спорттық биде жас айырмашылық болмайды, жас та, жасамыз та билей береді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы би спорты федерациясының президенті Галина Зайдентрумф толығырақ айтып берді.

Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Оның сөзінше, Алматы қаласының би спорты федерациясы 2004 жылы құрылған.

«29 сәуір – Бүкіләлемдік би күні. Осы тамаша мереке қарсаңында Астана қаласында ҚР чемпионаты өтеді. Онда қаламыздың құрама командасы өнер көрсетеді. Біз өте жақсы нәтижелерге жетеміз деп үміттенеміз. Бізде ҚР Кубогының жарысы өтті, үш жарыстың ішінен Алматы қаласы екі алтын иеленді. Жоғары шеберлік бойынша төрт жарыстың ішінен Алматы чемпионатында үш алтын медаль алды. Бірақ барлық басқа санаттарда біз күміс, қола медальдар ал-

дық», – дейді Галина Зайдентрумф.

Брифингке «ALMA dance» клубының басшысы, Алматы би спорты федерациясы төралқасының

мүшесі, жоғары санатты судья Наталья Булатова қатысты. Ол біздің қала өзге өңірлерге қарағанда бишілері ең көп аймақ ретінде ерекшеленетінін атап өтті.

ӨКҚ спикерлері бишілер үшін олардың басты құралы аяғы екенін атап айтты. Би кезінде барлық жүктеме аяққа түседі. Егер олар балетте пойнттарда билесе, ал паркетте спорттық бишілер өкшелі туфли киеді. Жарыс алдындағы жаттығулар 8–10 сағатқа созылады. Міне, бишілердің жанкешті еңбегі осындай кезде көрінеді.



ДІНТАНУ

АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ТОБЫ

жұмысын бастады

Алматыда дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мамандары қазақстандық қоғамның дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарын нығайтуға бағытталған діни-ағартушылық шараларын бастады.

Ақпараттық-түсіндіру және алдын алу шараларын ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында «Social Development Center» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Шара халықтың дінтанулық сауаттылығын арттыру және діни экстремизмнің алдын алу мақсатын көздейді.

Шаһар тұрғындары мен діндарлары арасында діни экстремизмнің

таралуының алдын алуға бағытталған рухани-ағарту жұмысын ұйымдастыру шеңберінде ірі кәсіпорындар, сауда нысандары және ғибадат орындарында бірқатар іс-шаралар мен кездесулер өткізілді. Жиынға РАТТ мүшелері мен осы саладағы жетекші эксперттер: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD-докторы, дінтанушы Елнар Берікбаев, Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл академиясының директоры Тимур Нүсіпханов, Алматы қаласының Кеңес беру және оналту орталығының теологтары Нұржан Қалев және Айбар Қойшыбаев, «Нұр-Мүбәрак» Египет Ислам мәдениеті университетінің ұстаздары, исламтану магистрлары Айгерім Қалқасова мен Нұржан Стамбакиев қатысты.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысының алғашқы күні қаладағы ірі сауда кешендерінен басталып, ұялы телефондар мен гаджеттер сататын «Аэровокзал» сауда орталығында, «Меғатау» және «Текмет» сауда үйлерінде жалғасты. Сондай-ақ, рухани-ағарту жұмыс-

тарымен қала мешіттері, базарлар, спорттық мекемелер, колледждер мен жоғары оқу орындары да қамтылады.

Шара барысында алматылықтарға Қазақстанда тұратын барлық конфессиялар мен этностардың бейбіт өзара іс-қимылы мен қатар өмір сүруіне, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасына, деструктивті жалған діни және радикалды идеялардың зияндылығына бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні туралы ақпараттар берілді.

Сарапшылар діннің рухани-адамгершілік мәселелеріне, қазіргі қазақстандық қоғамдағы әйелдердің рөлі мен әлеуметтік мәртебесін арттыруға, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың әсеріне қарсы тұру шараларына ерекше назар аударды. Тындаушылар өз кезегінде ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелеріне бірқатар сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!

Алматы қаласының волонтерлік қозғалысына 50 мыңнан астам адам тартылған



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Айналаңызға, мұқтаж жандарға, әлсіздерге қолдау көрсетіп, көмек қолын созып, жақсылық жасау үшін үлкен жүрек, мейірім, жанашырлық сезімі, биік адамгершілік болса жеткілікті. Алматы еріктілері осы қасиеттерге ие деп білеміз. Себебі, бүгінгі күні олардың атқарып жүрген жұмыстары ұшан-теңіз. «Ерікті» сөзінің түп төркіні латынның «волонтер» сөзінен шыққан. Ол аты айтып тұрғандай, қоғамға қажетті жұмысты өз еркімен, жүрек қалауымен істеуді білдіреді. Еріктілердің жұмысын бір жағынан қазақтың көнеден келе жатқан «асар» дәстүріне ұқсайды десек те қателеспеспіз.

ЕРІКТІЛЕР – ОРАСАН КҮШ

Бір ғана Алматының өзінде 30-ға жуық ірі еріктілер ұйымы жұмыс істейді. Атап айтсақ, «Қазақстан Еріктілер лигасы» қоғамдық қоры, «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қоры, «LIDER.kz», Алматы мейірімділер клубы, «SOS командасы», «Медицина жастары» РҚБ және т.б. ұйымдар. Бәрінің басын қосқанда, дерекқорда 50 мыңнан астам ерікті тіркелген.

Қала еріктілері үшін волонтерлердің басын біріктіретін фронт-офис жұмыс істейді. Ол қаланың барлық волонтерлері мен волонтерлік ұйымдарына кеңес беріп, жұмысының үйлесімді болуына қолдау көрсетіп отырады. Сонымен қатар, қаланың еріктілері түрлі жобаларды ұйымдастырып, өткізеді. Мәселен, «Narkostop» жобасы аясында алматылық жастар тыйым салынған есірткілік заттардың жарнамасын бояп өшіріп тастау бойынша тұрақты жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл акция мегаполистің кісі аяғы көп жүретін үлкен аумақтарында ұйымдастырылады. Сөйтіп, есірткінің алдын алу, оған жастардың бой алдырып кетпеуі үшін жұмыс істеп жүр.

КАРИЯЛАР ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС

Еріктілер қарттарға көмектесу үшін де күш біріктіреді. Жалғыздікті зейнеткерлердің бос уақытын қызықты өткізуіне апта сайын 50 волонтер тартылған. Олар «Кеңестік кино кешін» өткізеді. Онда қариялар жастармен бірге отырып, көркем фильмдер көріп, өткен күндеріне саяхат жасайды. Жастық шағын еске алып, өткен күндерден сыр шертіп, ұлағатты әңгімелер айтып, ой-пікірімен бөліседі. Жыл басынан бері түрлі пансионаттар мен әлеуметтік орталықтарда 30-дан астам «кино кеші» ұйымдастырылды.

БАЛАЛАР ҚҰСТАРҒА ҰЯ ЖАСАЙДЫ

Балалар үйінің тәрбиеленушілері де еріктілер назарынан тыс қалмаған. «Сабақтастық» бағыты аясында оларда жыл басынан бері 27 іс-шара өткізілген. Оның ішін-



Волонтерлік – патриотизмнің бір көрінісі. Еріктілер, ең алдымен, елдің игілігіне қызмет етеді. Олардың жұмысы азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді... Бұл бастама ұлтты ұйыстырып, мемлекеттілікті нығайту үшін қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Алматы еріктілерінің мұрындық болуымен жыл басынан бері:

- 150-ден астам адам қан тапсырды.
- Түркия мен Сирия тұрғындарына 51, 5 тонна гуманитарлық көмек жинап жөнелтті.
- Балалармен бірігіп құстарға ұя жасап, жас өрендерге еңбек етудің үлгісін көрсетті.
- Мұқтаж отбасыларға ыстық тамақ тарату, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттерін жеткізуге атсалысты.
- Алматы қаласының волонтерлік қозғалысына 50 мыңнан астам адам тартылған.
- Әлемдегі барлық еріктінің саны 970 миллионға жетіп жығылады.
- АҚШ-та жұмысқа орналасқысы келген жастардың түйіндемесінде волонтерлікпен айналысқандығы туралы мәлімет тұрса, ол үлкен мүмкіндік болып саналады.

де түрлі шеберлік сыныптары мен кәсіптік бағдар беру сабақтары бар. Құстарға жем салатын жәшіктер жасау, қолөнер және оригамимен айналысу бар. Мұз айдынында мәнерлеп сырғанауды да үйренеді өнерлі балалар. «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілерімен VR орталығына саяхат жасалады. «Балалар ауылы», «SOS», «Жастар үйі» және тағы басқа орындарда да түрлі іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Осы аталған іс-шараларға 80-нен астам ерікті мен 200 бала қатысқан.

«Әлеуметтік шеберхана» жобасы шеңберінде балалар үйінің түлектерін табысты әлеуметтік-еңбекке бейімдеу, әлеумет-

тендіру және оларды қоғамға біріктіру, олардың дамуы мен оқуына жәрдемдесу жолы қарастырылады. Бұл бағыт бойынша жыл басынан бері 8 іс-шара өткізілді.

ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ

Еріктілер із-түзсіз жоғалғандарды іздеуге белсенді түрде қатысып жүр. Жыл басынан бері 30 адамнан тұратын еріктілер жасағы 69 адамды тауып, отбасына табыстайды. Барлығы 649 іздеу, сұрау болған екен.

Қала еріктілері Түркияда болған жойқын жер сілкінісі кезінде де қарап қалмады. Табиғат апатынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсету жұмыстарын

бел шеше ұйымдастырды. Нәтижесінде Алматы еріктілері жылы киімдер, көрпелер, шатырлар, киіз үйлер, жылыту құралдары, гигиеналық бұйымдар, азық-түлік, дәрі-дәрмектер және басқа да күнделікті тұрмысқа қажетті заттардан тұратын 51,5 тоннадан астам гуманитарлық көмек жинап, Түркия еліне жөнелтті.

ӨМІР СЫЙЛАЙТЫН АКЦИЯ

Биылғы наурызда мегаполис волонтерлері «Мен жауапты донормын» атты акцияға мұрындық болып, қан тапсыруға бастамашылдық танытты. Олар сөйгіп бір тамшы қанның өзі адам өмірін ажалдан аман алып қалуға септігін тигізетінін айтқысы келді.

Акцияға Алматы қаласының жастары, сондай-ақ, түрлі қоғамдық және қайырымдылық ұйымдарының өкілдері, журналистер мен белгілі белсенді өкілдер қолдау білдіріп, бас-аяғы 150-ден астам адам қан тапсырды. Жастар ресурстық орталығында донорларды «Birgemiz: Sauluq» пен «QAMQOR CHARITY» ҚК еріктілері қарсы алып, қолдау көрсетті. Керемет көңіл күй мен қызықты кездесулерден бөлек, донорлардың тамаша естелік фотолары жасалды.

Волонтер болуға кез келген адам ниет білдіре алады. Мектеп оқушысынан бастап, зейнеткерлер де атсалыса алады. Бірақ көмелет жасына толмаған өрендерге міндетті түрде ата-анасының рұқсаты керек. Біздің көмегімізге зәру жандардың өмірін, тұрмысын ниет, тілек, жүрек біріктіріп, бірге жақсартайық. Сөйтіп, жақсылық жасап жарысайық, ағайын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары:

САНАСЫ СЕРГЕК ЖАСТАРДЫ ШАҚЫРАМЫЗ

Біздің қалада Depo Evolution Park орталығы бар. Бұл – санасы сергек, белсенді жастар жиналатын орын. Біздің волонтерлік кеңсе осы орталықта орналасқан. Волонтерлік фронт-офисінің басты мақсаты – түрлі ұйымдардың басын біріктіріп, жобаларды бірлесіп жүзеге асыру. Міне, жаз да таяп қалды. Біз қала еріктілерімен бірлесіп «Жасыл ел» жоба-

сын жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба жастарды жазғы уақытта жұмыспен қамтуды, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды көздейді. Бұл ретте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев бекіткен «Жастарды қолдаудың жол картасына» сәйкес, 10 мың алматылық жасты жұмыспен қамту жолы қарастырылып отыр.

Бағдат АНАРБАЕВА, Алматы қаласы бойынша волонтерлер фронт-офисі «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы:

ЕҢБЕГІНЕ АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ЕРІКТІЛЕР

Волонтер болу үшін ең алдымен үлкен жүрек, таза ниет керек. Әдетте біз әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттерін тапсырып жатқан сәттерді көреміз ақпарат құралдарынан. Бірақ сол қуанышты сәтке дейінгі азық-түліктерді бір орталыққа жинап, бөліп, қорапқа салу үшін кететін күш-қуатты, уақытпен санаспайтын күндерді біле бер-

мейміз. Ал оның бәрін еңбегіне ақы сұрамайтын еріктілер атқарады. Біздің фронт-офисінің жұмысы жастарды қаланың әлеуметтік-экономикалық, салауатты өміріне тартуға бағытталған, еріктілер қатарын арттыруға, олардың мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Біз осы үдеден шығып жүрміз деп ойлаймын.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

Азаматтарды әлеуметтік қорғау саласында қандай өзгерістер бар?

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік қамтамасыз ету саласына кеңінен тоқталып, Үкіметке Әлеуметтік кодексті әзірлеуді тапсырған еді. Жақында Президент аталған құжатқа қол қойды.

Сонымен, еліміздің Әлеуметтік кодексі қабылданды. Әлеуметтік қорғау саласында нендей жаңалық бар? Кодексте азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесінде қандай өзгерістер қарастырылған? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісіне берген сұхбатында тұжырымдағандай, жаңа құжат адамның бүкіл өмірлік тағдырын қамтымақ: азаматты туғаннан кәмелетке толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті жастағы адамды жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру іс-шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек, сондай-ақ жасы ұлғайған шақтағы қолдаулардың барлығы енді осы бір құжатпен реттелмек. Министр Қазақстанның Әлеуметтік кодексін жалпы ТМД мемлекеттері тәжірибесіне енгізілетін алғашқы біртұтас әлеуметтік құжат деп бағалап отыр. Оның айтуынша, «Шын мәнінде, Әлеуметтік кодекс – Әділетті Қазақстанның жаңа әлеуметтік саясаты. Сондықтан оның аясында үлкен бетбұрыстар жасалады. Мемлекеттік қолдау парадигмасы түбегейлі өзгереді».



КОДЕКС ҚАҒИДАТТАРЫ: МИНИСТР НЕ ДЕДІ?

Бес жаңалық, бес анық

«Кодекстің негізгі бес жаңалығының біріншісі – Отбасының цифрлық картасы, яғни еліміздегі отбасылардың дербес дерекқоры. Оны енгізудегі мақсат – халықтың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қолжеткізуін қамтамасыз ету. Сондықтан Кодексте біріншіден, Отбасылық цифрлық картаны мемлекеттік әлеуметтік саясаттың орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындау құралы ретінде белгіледік. Яғни мемлекет кімге, қашан, қандай көмек қажеттігін анықтап қана қоймай, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алады. Екіншіден – карта отбасылар немесе отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәртебесіне және әл-ауқат дәрежесіне қарап, мемлекеттік қолдаудың қандай түрін алуға құқылы екендігін жеткізіп отыратын электронды жаршы қызметін атқарады. Мұндай ақпарат әр отбасына мемлекеттік орган тарапынан SMS-хабарлама түрінде жібереді. Үшіншіден – мемлекеттік қолдау проактивті форматта жүргізіледі».

Мемлекеттік қолдау: жаңа парадигма

«Кодекстің екінші жаңалығы – мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы. Жаңа парадигмаға сәйкес мемлекеттік қолдау алдымен әлеуметтік тәуекелдердің алдын алатын атаулы іс-шара, одан кейін ғана атаулы әлеуметтік көмек ретінде қарастырылады. Яғни мемлекет қаржылай көмек

емес, атаулы іс-шараны қолдана отырып, әлеуметтік тәуекелдің алдын алды. Мұндай мүмкіндікті биыл Отбасының цифрлық картасы арқылы тәжірибеге енгіздік. Сондықтан алдағы уақытта отбасылардың әлеуеті жөніндегі талдау жұмыстары күшейтіліп, мемлекеттік органдар мен отбасылар арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтеріледі. Ал егер отбасы қиын жағдайда болса, онда атаулы әлеуметтік көмек атаулы іс-шарамен бір мезгілде беріледі. Мысалы, отбасына ай сайын атаулы әлеуметтік көмек, ал отбасының жұмысқа жарамды мүшелеріне оқу, жұмыс, грант және жеңілдетілген несие сияқты мемлекеттік қолдау іс-шаралары көрсетіледі».

Мүгедектігіне байланысты мемлекеттік жәрдемақы

«Кодексте әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін толық трансформациялау қарастырылған. Бұл – Кодекстің үшінші жаңалығы. Негізгі мақсат – мүгедектігі бар азаматтардың арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қолжетімділігін мемлекеттік емес ұйымдар, жеке сектор және отбасы мүшелерін тарту арқылы арттыру. Біріншіден, мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ісіне олардың отбасы мүшелері барынша тартылады. Бұл ретте отбасы мүшесі жеке көмекші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде рәсімделеді. Бұл жұмысқа еңбекақы төленеді және кірісінен әлеуметтік және зейнетақы жарналары аударылады. Осылайша отбасының еңбек жасындағы жұмыссыз мүшелері жұмысқа орналасады. Сөйтіп, әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру іс-шараларымен қамтылады.

Екіншіден, мүгедектігі бар азаматтарға мемлекет тарапынан берілетін протездер және компенсаторлық техникалық құралдардың стандарттары толық қайта қаралады. Негізгі мәселе – берілетін әрбір құрал, мейлі ол қоларба немесе есту аппараты болсын,



азаматтың жеке қажеттілігіне сәйкес келуі және сапалы болуы керек».

Зейнетақымен қамсыздандыру

«Зейнетақы жүйесіне қатысты өзгерістер Кодекстің төртінші жаңалығы.

Кодексте бүгінгі буын зейнеткерлері үшін алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту қаралды. Оның ең төменгі мөлшері күнкөріс деңгейінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ал жоғары мөлшері 120%-ға дейін арттырылады.

Еңбек зейнетақысының көлемін есептеу үшін қолданылатын ең жоғары табыстың көлемі 46-дан 55 айлық есептік көрсеткішке дейін немесе орташа жалақының 70 пайызына дейін ұлғаятын болады... Аталған шаралар азаматтарды лайықты зейнетақымен қамтуға мүмкіндік береді деп пайымдаймыз.

Бұдан бөлек, Кодекс жобасына өз активтерін басқару бойынша салымшылардың құқығын кеңейтуге қатысты өзгерістер енгізіледі. Енді азаматтар белгіленген жеткіліктілік шегінен асқан зейнетақы жинақтарын тек емделуге және тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады. Сондай-ақ, салымшыларға зейнетақы жинақтарының 50 пайыздан аспайтын бөлігін активтерді басқару компаниясына беру және мұндай компанияны өздері таңдау құқығы беріледі».

Жұмыспен қамту: оң өзгерістер мен тәсілдер

«Қазақстанға 300 мың АҚШ долларынан кем емес инвестиция салған шетел кәсіпкерлеріне «инвестор визасын» беру ұсынылады.

Сонымен бірге, шетелде тұратын қазақтардың әлеуетін де ел игілігіне пайдалануға маңызды қадам жасалады. Ол үшін америкалықтардың Грин-картасы сияқты «Атамекен картасын» енгізу ұсынылып отыр. Ол жоғары деңгейдегі кәсіби маман немесе өзі тұратын елде табысты бизнес жобалары бар және оны Қазақстанда жүзеге асырғысы келетін шетелдегі қазақтарға берілімек. Мұндай азаматтар мерзімі 10 жылдық жеңілдетілген виза рәсімдеп, Қазақстанда өз кәсібін жүргізуге мүмкіндік алады.

Осыған орай қандастарды қабылдау тетігі де қайта қаралады. Мұндағы басты шарт – көшіп келетін азаматтардың жұмысқа орналасуына және баспаналы болуына жағдай жасау. Баспана мәселесін шешу үшін тұрғын үй құнының 50% шығынын өтеу құқығын беретін экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру (жұмыс орны бар екендігін растаған жағдайда) көзделіп отыр. Біз шетелде жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарының еңбек құқықтарын да қорғауымыз керек. Ол үшін көптеген азаматымыз барып жұмыс істейтін мемлекеттерде қазақстандық еңбек мигранттарының құқықтарына кепілдік беретін мемлекетаралық келісімдер жасауды ұсынамыз. Жұмыспен қамту саласындағы бұл өзгерістер Кодекстің 5-ші жаңалығы. Кодекстің барлық ұсынылған жаңа новеллалары ең алдымен тараптардың өзара жауапкершілігін іске асыруға бағытталған.

Әділетті Қазақстанды құру үшін әділ әлеуметтік саясат жүргізуіміз керек. Біз қолға алған Әлеуметтік кодекс осы саясатты табысты жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам болмақ».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: «Egemen Qazaqstan»).

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Алматыда ҚР ҰҒА академигі Кенжеғали Сағадиевтің 85 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық форумға алыс-жақын шетелдерден мамандар, оқытушылар, қаржы сарапшылары, ғылым адамдары және отандық білікті экономистер, қаржыгерлер, оқытушылар қатысты.

ҒЫЛЫМИ ЖАҢҒЫРУЛАР, БАҒДАРЛЫ ОЙЛАР

Санкциялар айқасы
өршіп тұрған тұста,
экономиканы
ілгерілетудің жаңаша
жобалары жүзеге асуы тиіс



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Кездесуде Венгрия, Ресей, Еуропа елдерінің бірегей жоғары оқу орындары мен бизнес мектептерінің өкілдері сөз алды. Халықаралық форум «жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы Қазақстанның даму траекториялары» атты тақырыпты қамтыды. Жаһандық геосаяси ахуалдан бірлесіп шығу, сауда қатынастарын жаңғырту, тауар айналымын ұлғайту мәселелері талқыланды.

Жиынға қатысқан әр сала мамандары өзара пікір алысып, экономикалық тәуекелдер тетіктерін бірлесе іздеді. Сонымен қатар, теңізге шыға алмайтын елдердің экономикалық өрлеуін өрістетудің жолдарын ұсынды.

«ЕАЭО дамуының ағымдағы кезеңіндегі интеграциялық кедергілерді жою маңызды. Қазақстан экономикасы Қытай, Ресей, Беларусь елдерімен тікелей байланысты. Еліміз Еуропа мен Азияны жалған тұрған алтын көпір іспетті. Санкциялар айқасы өршіп тұрған тұста, экономиканы ілгерілетудің жаңаша жобалары жүзеге асуы тиіс», – деді белгілі экономист Жаксыбек Күлекеев.

Кездесу барысында ел экономикасының дамуы, дамудың алдағы бағыт-бағдары жөнінде, ғылым саласы бойынша жаңғырулар турасында бағдарлы ойлар айтылды.

Ғылыми форумның негізгі мақсаты – елдің даму бағыттары, траекториялары және экономикасының өркендеуіне үлес қосу, яғни ғылым мен экономиканы ұштастыру.

– Бұл форумның маңызы жоғары. Жаһандық кедергілер мен тұрақсыздықтар кезінде сауда-саттықты дамыту, Қытай мен Ресей арасындағы еліміздің экономикасының қарым-қатынасын ұлғайту қажет. Аталған ғылыми форумға келушілер осы аталған ойларды ортаға салды. Сондай-ақ, академик Кенжеғали Сағадиевтің елге сіңірген еңбегі айтылды. Шараның негізгі бағыты – Қазақстан экономикасын жолға қойып, дамыту көздерін қарастыру, – деді экономист Мақсат Халық.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨЛІК

ЭЛЕКТРСАМОКАТ

жалдау ақысын төмендетіп, халыққа тиімді ететін уақыт келді

Қазір жалдамалы самокаттардың дәурені жүріп тұр. Бірақ бағасы арзан емес. Дегенмен, бұл көпшілікке тиімді құрал болып отыр. Осы жеңіл көлік құралының тиімділігі мен пайдасын бағамдап көрелік.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Көктем келді. Жұрт қалың киімін тастап, күн күлімдеген сайын далаға шығуға, серуен құруға тырысады. Өйткені, тас қамалдың ішінде отыра бергеннен зерігетіміз анық.

Бүгінде самокаттардың түр-түрі бар. Басқасын айтпағанда, жалдамалы, уақытпен жүретін, соған сай қаржы алатын-дарының айдарынан жел есуде. Бағасы қалтаға ауыр. Мәселен, Алматыда Jet, Eleven, Whoosh, Yandex samokat және т.б. жалдамалы құны тым көп. Минутына 29 теңгеден басталады. Кейде 1 минутына 45 теңгеден бастап төлейсіз. Оның үстіне сақтандыруға 100 теңге алады. Кейбірі аталған самокаттарды жалға алуда сақтандырусыз жүруді білмейді. Байқамай қаржы төлейді. Тіпті, 1 минутқа 50 теңгеден жоғары төлеуге тура келеді. Барлығы смартфондағы қосымша арқылы жүзеге асады. Оған несие карта жалғанған. Жалдамалы самокатты QR кодпен тіркеп, жүргізесіз. Қуанып мініп айдайсыз. Бірақ небәрі 1-2 шақырым жүрсеніз, кем дегенде 600–700 теңге ақшаны шығын қыласыз. Қаражат жағын төмендетіп, халыққа тиімді ететін уақыт келді деп есептейміз.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылбек ҚҰСАЙЫНОВ, студент:

САПАСЫНА МӘН БЕРУ КЕРЕК

Алматыда көктем, жаз, күз айлары керемет өтеді. Қала жап-жасыл. Кешкі салқынмен жүргенді ұнататындар көп. Өзім 4-курсты тәмамдап келемін. Осы уақытқа дейін жалдамалы самокатты қолданып жүрдік. Жүруге, барар жеріне тиімді болғанымен, бағасы қолжетімсіз. Біз сияқты студентке қиын екен. Кейбір самокатты «Ботаникалық бақтан» «Саяхат» автовокзалына дейін мінетін болсаңыз, ең аз дегенде 1500–1700 теңге төлейсіз. Мен одан да бұл ақшаға таксимен барғанды жөн көремін. Дәл қысылған уақытта Қонаев қаласына жол тартатын кез болады. Сабақтан шығып, кешкісін таксиге амалсыз отырарсыз. Дәп жұрттың бәрі жұмыстан қайтқанда кептеліс басталады. Ал кептелістің қиындығы жолды байлайды. Міне, сол уақытта жалдамалы самокатқа жүгінеміз.

Айтарымыз біреу ғана. Жалдамалы самокаттың құнын азайтса дейміз. 1 минутына 10–15 теңгеден аспаса... Соның өзі жеткілікті. Сондай-ақ, сапасына қараса дейміз. Көбісінің қуаты тез таусылады. Уақытында аккумуляторы ауыстырылмайды. Смартфондағы қосымшаны қосып самокатты іске қосу кейде мұң. Бірнеше мәрте қатып қалып, телефонды қайта өшіріп-қосатын кездер болады. Бір сөзбен айтқанда, жауапты мекемелер осы олқылықтарды түзетеді деп сенеміз.

Жаппар ҚАЗАҚБАЙ, қала тұрғыны:

ҚАЛТАҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ АУЫР ТИЕДІ

Өзім жаяу жүргеннен гөрі жалдамалы самокатты қолданғанды дұрыс көремін. Телефонға қосымшасын жүктеп алғанмын. Самокат айдасаңыз, қала тіршілігін анық байқайсыз. Кім қайда асығып барады, қандай оқиға болуда, бағдаршам, жол қиылысынан абайлап өту сынды дүниенің бәрін білесіз. Жалпы, керек нәрсе.

Қазір менің жасым 40-та. Жаяу жүргім келмейді. Сондықтан автобус, троллейбусқа отырған дұрыс. Көліктің көптігінен олар да баратын жеріне кешігіп қалады. Қалада мұндай сәттер жиі орын алады. Сондықтан ең тиімдісі – самокат. Жеке басыма біреуін сатып алайын десем, 450–500 мың теңге керек сияқты. Оған менің шамам жоқ. Сонымен қатар, сатып алынған самокатты қуаттау үшін де көп қаржы жұмсалады. Сол себепті, осы жалдамалы самокатқа жүгінемін. Самокаттардың жалдамалы құны төмендесе деймін. 40–50 теңге деген қалтаға ауыр. Өте қымбат. Мейлінше жалдамалы бағасын 2-3 есеге азайтса, жұрттың бәрі метро, автобус, таксиге ағылмас еді. Жауапты орындар аталған мәселені шешуге ықпал етеді деп ойлаймыз.

МӘСЕЛЕ

Алматы тұрғыны 40 жылдан кейін темекісін мүлдем тастады. Ал бұл мүмкін бе? Әлде бұл қадамына әлдебір себеп болды ма екен? Осы жөнінде аз-кем тарқатайық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шылымға құмар азамат жүрек сырқаты сыр беріп, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жеткізілген. Есін жиғанда дәрігерлердің айтқаны – темекісін қою керек. Ал егер бұл әдетінен бас тартпаса, жүрек-қан тамырлары ауруы асқынып, өліп кетуі де мүмкін екенін ескертеді ақ халаттылар. Сөйтіп, шылымды бозбала шағынан шегіп келе жатқан 68 жастағы кісі Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығына шипа іздеп барады. Содан бері арада бақандай сегіз жыл өтіпті.

– Иә, сегіз жылдан бері темекіні аузына алмайды. Қазір денсаулығы жақсы. Осы тұста айтарым, осыншама ұзақ жылдан бері темекі тартып келген адамның бірден тастап кетуі қиын. Сондықтан алдымен «осы әдетімнен құтыламын, бас тартуым керек қалайда» деген саналы шешімі болуы маңызды. Тәуелділіктен арылу оңай емес. Алғашында ашуланшақ болып, ұйқысы да, мазасы да қашып, бойын кернеген құмарлықпен

арпалысуына тура келеді. Бұл құмарлықтың емі бар. Мұндай кезде дәрі-дәрмек тағайындаймыз. Біздің орталықта темекіге тәуелді тұрғындарға психологиялық, психотерапиялық көмек көрсетіледі. Егер емделушінің темекіні қоямын деген ниеті болмаса, емнің пайдасы болмайды, – дейді орталық директоры С.Рахменшеев.

Қазақстанда шылымқорлар жайлы статистикалық санақ жүргізілмейді екен. Дегенмен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жер бетінде жыл сайын тіркелетін 8 миллионға жуық өлім-жітім жүрек-қан тамырлары ауруынан, әртүрлі қатерлі ісіктен, қант диабетінен емес, осы кеселдердің пайда болуына және сырқаттың өршуіне өте жоғары деңгейде қауіп тудыратын темекінің көк түтіні екен. Халықаралық ұйым 2025 жылға дейін жер шарында 23 миллион адам шылымға құмарлықтың салдарынан зардап шегуі мүмкін деп дабыл қағып жатыр.

Темекі құрамындағы никотиннен басқа, түтініндегі шайыр, аммиак, органикалық қышқылдар сияқты химиялық заттар шылым шегушінің ағзасын бүлдіріп, өмірін қысқартады дейді дәрігер. Денсаулыққа зияны орасан зор химиялық заттар қан тамырларының қызметін бұзып-жарып, қан айналымын әлсіретеді. Нәтижесінде темекіге әуес жанның қан қысымы көтеріліп, жүрек



- Шылымқорлар он жылда темекіге 3 млн теңгесін шығындайды екен.
- ДДСҰ 2025 жылға дейін жер шарында 23 млн адам темекіден зардап шегуі мүмкін деп дабыл қағып отыр.
- Насыбайдың құрамында тауықтың қиы, әктің суы, сексеуілдің күлі, қараағаштың шайыры, темекінің жапырағы бар.
- Емделушінің «темекіні қоямын» деген ниеті болмаса, емнің пайдасы болмайды.

қағысы жиілейді. Асқазан жарасы, бедеулік, жүрек сырқаты, қатерлі ісік, сусамыр сияқты жұқпалы емес аурулардың бас көтеруіне ықпал етеді.

– Көк түтінге тәуелді жандардың басым көпшілігі шылым шегуден насыбай атып құтылдым деп ойлайды. Өкінішке қарай, екеуінің де құрамындағы зиянды заттардың ешқандай айырмашылығы жоқ. Шылым шеккенде никотин қанға өкпе арқылы тарап, ағзаны улайды. Өкпе тазарады деген мәлімет жалған. Насыбай атқанда зиянды заттар ауыз қуысының қан тамырлары арқылы қанға түсіп, ауыз қуысының, өкпенің, асқазанның қатерлі ісігі пайда болуы мүмкін. Өйткені, насыбайдың құрамында тауықтың қиы, әктің суы, сексеуілдің күлі, қараағаштың шайыры, темекінің жапырағы бар. Насыбай атқан адам да никотинге тәуелді деген сөз. Қазіргі күні сәнге айналған электронды темекі де аса қауіпті, – дейді орталық директоры.

Темекі – ағзаны аздырып, ми қызметін әлсіретеді. Оның улы түтіні ерте қартаю үдерісін жеделдетуге әсер етеді. Шылымқорлардың отбасы бюджетіне әкелетін шығыны да орасан. Елімізде бір қорап темекінің орташа бағасы 750 теңге. Сонда никотинге тәуелді адам күніне бір қорапты тауысып, темекіге айына 22 500 теңге, жылына 270 000 мың теңге жұмсайды. Ал он жылда 2 млн 700 мың теңгесі кетеді. Ойланайық!



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Биыл 26 сәуірден бастап Алматыда мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды орналастыру үшін жеткізушілерден өтінім қабылдау басталды.

ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕРГЕ ТІРКЕУ БАСТАЛАДЫ

Бүгінде пайдаланушыларға қосымша мүмкіндік пен ыңғайлы жағдай ұсынатын www.damubala.kz атты жаңа ақпараттық жүйеге көшу аяқталды.

2023 жылғы 3 наурыздан бастап Алматы әкімдігі мемлекеттік шығармашылық және мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру үшін өкілетті аудан әкімдіктеріне берді. Мемлекеттік тапсырысты үйлестіруді аудандарға беру бағдарламаны іске асыру кезіндегі көптеген кемшіліктің алдын алады. Мысалы, тегін секциялар мен үйірмелерді тіркеу және дұрыс көрсетпеу фактілері кездесті.

26 сәуір күні сағат 9.00-ден бастап операторлар бағдарламада бұрын жү-

мыс істегендер мен жаңадан қосылушылар үшін жеткізушілердің жұмысына кәсіпкерлерден өтінім тіркеуді бастайды.

2 мамырда сағат 18.00-ден бастап ата-аналар порталдағы үйірмелер мен секцияларға қатысу үшін балаларын тіркей алады.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидасының 12-тармағына сәйкес, өтінім қарау және ваучерлерді бөлу оператордың биылға арналған бюджетінде көзделген мемлекеттік тапсырыс үшін қаражат көлемі толық бөлінген кезде аяқталады.

АНЫҚТАМА:

Алматы қаласындағы жеткізушілер мен ата-аналар үшін платформаны әзірлеушінің Telegram қолдау қызметі бар: <https://t.me/almatydamubala> (ата-аналар үшін), <https://t.me/almatypostavshik> (жеткізушілер үшін).

Анықтама үшін қосымша байланыстар:

- Алматы қаласының спорт басқармасы: 292-41-67;
- Алматы қаласының Мәдениет басқармасы: 272-03-17;
- Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты: 299-86-49;
- Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты: 272-56-98;
- Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты: 303-25-58;
- Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты: 275-50-68;
- Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты: 384-27-60;
- Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты: 291-64-94;
- Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты: 307-45-53;
- Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты: 223-11-15;
- «DamuBala» платформасын әзірлеуші: +7 775 007 59 20.

ТЕСТІЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРЫП, БІЛІМІҢІЗДІ ДӘЛЕЛДЕҢІЗ!

Педагогтарды аттестациядан өткізу кезеңдері қайта қаралды. Бұл тұрғыда мұғалімдер білім беруді ұйымдастыру барысында алдымен біліктілік бағалаудан өтеді. Содан кейін өз қызметінің нәтижелерінің жан-жақты аналитикалық қорытындысын тапсырады. Яғни өздерінің портфолиосын сараптамаға ұсынады. Ақтық кезең – Ұлттық біліктілік тесті деп аталады.

Әдістеме бойынша тестілеу сұрақтарын қамтитын толық тақырыптар мен әдебиеттер барлығына қолжетімді болады.

Мұғалімдерді тестілеудің шекті деңгейі 50%-ға төмендетіліп, біліктілігін арттыру мерзімі 5 жылдан 3 жылға қысқарды. Бұл да мұғалімге жасалып отырған жеңілдіктің бірі.

ӘСКЕРИ БӨЛІМ

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ» байқауы өтті

ҚР Ұлттық ұланы ұжымында да мемлекеттік тілді өркендетуге, қазақ тілін өзге этнос өкілдерінің емін-еркін меңгеруіне барынша жағдай жасалған. Жуырда Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде «Мемлекеттік тіл – менің тілім» байқауы өтті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мемлекеттік тіл саясатын насихаттап, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында өткен, «Бастау», «Өрлеу» және «Баяндау» деп аталатын үш айналымнан тұратын байқауда 5 әскери қызметші қатысты. Өзін таныстырудан басталатын бірінші айналымнан-ақ кімнің асығы алшысынан түсетіні белгілі болғандай. Өзге этнос өкілдері өзін таза қазақша таныстырғанда, қол соқпаса амалың қалмайды. «Өрлеу» сайыстың көрігін одан әрі қыздыра түсті. Қатысушылардың кез келгені бұл жарысқа кездейсоқ келмегенін көрсетті. Өрбір кезең арасында көрермендерді сергітіп алу мақсатында қазақтың ән-күйлері орындалып отырды. «Баяндау» барысында кімнің



оқ бойы озып, шашасына шаң жұқтырмай дара шапқаны анық байқалды. Сонымен, жарысқа төрелік жасаған қазылар алқасының шешімі бойынша бас жүлдені 85 ұпай жинаған кіші сержант Роллан Бандаренко қанжығасына байлады. 2-орынды аға сержант Гулбахрам Абдрахманова еншілесе, жүлделі 3-тұғырға кіші сержант Владислав Сарган көтерілді. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және Алғыс хаттармен марапатталды. Мемлекеттік тіл мәртебесі ұлықталған іс-шараға

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Томирис» ән-би ансамблінің мың бұралған бишілері де қатысып, биден шашу шашты.

– Әскери қызметшілердің мемлекеттік тілге деген қызығушылығы, құрметі жоғары екен. Байқау тар-тысқа толы болды. Қатысушылар бар ынта-жігерін, тыңғылықты дайындықпен келгендерін көрсетті, – деп атап өтті қазылар алқасының мүшесі, подполковник Салтанат Есмұханова.

P.S.:

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді дана халық. Қазақстан деген бейбітшілік бесігінде тату-тәтті тұрып жатқан 130-дан астам этнос өкілдерінің ниет-тілегін мемлекеттік тіл де біріктіре бергей деп тілейміз.

Бүгін Елордада «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» тақырыбы аясында өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясына Мемлекет басшысы қатысады.

ОҚУ ОЗАТТАРЫ

ҮЗДІКТЕРГЕ ЖЕҢІЛДІК БАР

Білім саласындағы жағымды жаңалықтың бірі – «Алтын белгіге» қатысты. Мәселен, бұрын «Алтын белгіге» үміткер түлектер өз білімдері арқылы «алтынды» қорғайтын болса, биылдан бастап жеңілдік бар.

Осы оқу жылынан бастап жалпы білім беретін пәндер бойынша үздік оқушылар және соңғы үш жыл бойы халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы атанған «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткерлер қажет

болған жағдайда қорытынды емтихандардан босатылып, үздік белгісін ала алады. Сондай-ақ, үміткерлердің 5–11-сыныптардағы барлық тоқсандағы бағалары тек «5» болуы керек.

ФЕСТИВАЛЬ

Еліміздегі жоғары университеттердің өнерлі жастары Алматыда бас қосып отыр. Қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен ұйымдастырылып отырған «Студент және сахна» фестивалі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бастау алды.

«СТУДЕНТ ЖӘНЕ САХНА»

Алматыда студенттік театрлардың фестивалі басталды



Аталмыш байқауға Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Орал, Өскемен, тағы басқа өңірлердегі жоғары оқу орындарынан 10-ға жуық студенттік театр қатысып, өз өнерлерін ортаға салады.

Фестиваль аясында жастар қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді қозғап, көпшіліктің талқысына салуды мақсат етіп отыр. Мәселен, құмар ойын, телефонға тәуелділік, жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік, өз-өзіне қол жұмсау, қаржы пирамидасы, жемқорлық, аборт, т.с.с. өзекті мәселелер қойылымының басты тақырыбына айналды. Жастардың шығармашылық фестиваліне М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері, сценаристер мен режиссерлері әділ төрелік етеді. Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау салтанаты «Алатау» дәстүрлі өнер театрында өтеді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Алматыда «Тіл ғылымы зерттеулерін үйлестіру орталығы» ашылды. Бұл бастама «Қазақстандағы қазіргі қазақтілді контент: зерттеу парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция аясында жүзеге асты. Аталмыш конференцияға ҚР ҰҒА-ның білікті ғалымдары мен профессор-оқытушылар қатысты.

ҮЙЛЕСТІРУ ОРТАЛЫҒЫ



Орталық қазақ тілді ғылыми зерттеулердің басын қосып, олардың қарыштап дамуына септігін тигізетін болады. Еліміздегі 10-

нан астам Диссертациялық кеңестердің тіл ғылымы зерттеулерін үйлестіруші ретінде – ғылымды дамытудың басым бағыттарын айқындайды. Сондай-ақ, тіл ғылымы бойынша орындалатын докторлық диссертациялық жұмыстардың өзекті мәселелерге арналуын және тақырыптардың қайталанбауын қадағалауды үйлестіретін консультативтік-келісіншінің де рөлін атқармақ.

Ғылыми орталықтың жұмысына ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев басшылық етеді.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

БАНКРОТТЫҚ

қарыздан құтқара ала ма?



Жыл басынан бері әлеуметтік өткір тақырыптардың бірі – банкроттық туралы заң көптің қызу талқысына түсіп жүр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мемлекет басшысы 2022 жылы 22 желтоқсанда ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңына қол қойды. Бұл заң ресми 3 наурыздан бастап күшіне енді. Қарызын өтей алмай жүрген азаматтар 2 ай бұрын өздерін «банкрот» деп жариялауға өтінім бере бастады. Бұл – қарыздан шаршаған, төлем қабілеті төмен борышкерлер үшін үлкен мүмкіндік. Бірақ берілген өтініштердің көбі қараусыз қалып немесе кері қайтарылып жатыр. Мамандардың айтуынша, мұның басты себебі – азаматтардың арызды дұрыс жазбауы немесе алынған анықтамалардан табылған қателік. Берілген арыз қайтарылған жағдайда алдағы 3 айда қайта арыз бере алмайды. Банкроттыққа арыз бергендердің 80%-ның өтініші қабылданбаған.

Бытыр 11 айда банкроттердің жеке тұлғаларға берген несиелері 13,9 трлн теңгеге жетіп, борышкерлердің жалпы саны – 6 млн 868 мың адамды құрады. Оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен несиелердің үлесі – 5,6% немесе 461 млрд теңге. 90 күннен астам кешіктірілген қарыз алушылардың саны 536 мың адамды құраған. Бұл сандарды жылдың басында үкімет отырысында ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы Мәдина Әбілқасымова мәлімдеген еді. 11 айдағы бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 121 мың адамға көбейген.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің хабарлауынша, банкроттық туралы заңның 3 тәсілі бар. Олар – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі өтініш бере алады, яғни кредитор борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқығы жоқ.

Белгілі экономист-сарапшы Сапарбай Жобаев аталған заң жеке азаматтарға арналғанын, олар үшін тиімді жағынан бөлек зиянды тұстары да бар екенін айтады.

Қаржылай сауатты болғаныңыз жөн

Заңгер Мейірман Қалмаханұлы тұжырымдағандай, бұл заңның парламентке

жолданғанына 10 жылдан астам уақыт болды. Осы уақытқа дейін заңның күшіне енбеуіне банкрот, кредитор мүдделі болды. 10–15 жылдан бері қарыздан құтыла алмай жүрген, төлеуге мүмкіндігі жоқ азаматтар көп. Бұл жәйт елдің экономикасына да кері әсерін тигізеді. Аталмыш заң азаматтарға «көрсесіне қарай көсілуді» үйретеді. Қазіргі таңда тағы бір заң талқылануда. Несие төлеу мерзімі 90 күннен асқан борышкерлерге ешбір банк қарыз бермейтіндей заң қабылданатын болса, азаматтар аса қажеттілік туындағанда ғана несиелер ала алады.

Банкроттық бойынша заңгерлер маман ретінде үнемі сараптама жүргізіп отырады. Олардың деректеріне сүйенсек, көп тұлғалар қарызын 12 ай төлей алмаса бірден eGov.kz арқылы өтініш береді. Ол дұрыс емес. Өтінімнің қабылданбауының басты себебі де осы. Алдымен міндетті түрде банк пен кредитормен алдын ала реттеу жұмыстары жүргізілуі керек. Банкроттер мен кредиторлар борышкердің ұсыны-

сын жасап, қабылданбағаны жөнінде хабарлама келуі керек. Келіспеген жағдайда ғана банкроттыққа өтінім бере алады. Екінші себеп – мүліктің болуы. Мемлекеттік тіркеуден өткен мүліктің бәрі мүлік болып саналатынын көпшілігі біле бермейді. Көп кездесетін қателіктердің бірі – жалпы қарыздың төленбеу мерзімі 12 айдан кем болмауы керек. Мысалы, азаматтың 5 несие болып, төлеуі 12 ай төленбей, біреуі 3-4 айы ғана төленбеді делік, мұндай жағдайда банкроттыққа өтінім бере алмайды. Барлық несиелер қарызының сомасы – 5 520 000-нан аспауға тиіс. Азаматтардың бәрі құқықтық, қаржылық сауатты емес. Сондықтан заңгерлерден көмек сұрағаны абзал.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Алматы қаласында банкроттыққа өтінім берген 3 мыңнан астам азаматтың 500-інің арызы қабылданған. Несие төлеу мерзімін кешіктірушілер үшін аталған заң тиімді ме? Олардың қаржылық тығырықтан шығуына әсер ете ала ма? Мамандардан сұрап көрген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сапарбай ДОСЖАНҰЛЫ,
экономика ғылымының кандидаты, экономист:

Несие алу жүйесін тәртіпке салады

Банкроттық жағдайда несие алушыға шектеулер қойылады. Аталған заңның азаматтар үшін жағымсыз тұстары да жоқ емес. Егер азаматтар банкроттықты дұрыс түсінсе, бұл заңды қолдануға сонша азаматтардың барлығы бірдей бара береді деп ойламаймын. Мәселен, соттың шешімі арқылы өзін банкротпын деп жариялаған азаматқа алдағы 5 жылда несие берілмейді. Ешқандай қаржы ұйымынан несие рәсімдей алмайды. Екіншіден, ол азамат 7 жылға дейін екінші рет банкроттыққа өтінім беруден шектеледі. Үшіншіден, 3 жылға дейін барлық қаржылық әрекеті тиісті орындардың бақылауында болады. Оның әсері ары қарай жеке кәсібін жүргізуге айтарлықтай кедергі келтіреді. 3 жылға дейін қаржылық табысын өкілетті органдар кеңесімен, рұқсатымен ғана қолдана алады.

Қаржы ұйымдары несие берген банкроттық тұтынушылар көбірек болса, қаржы ұйымының да индексі төмендейді. Яғни қаржы ұйымы қосымша қор құруға мәжбүр болады. Бұрынғыдай кез келген азаматқа несие бере бермейді. Қазақстанның банкроттық туралы заңнамасына сәйкес қаржы ұйымдарының мүддесін қолдау мақсатында банкроттыққа жеке адамның банкроттығын қалайтын тұлға қаржы ұйымымен келісім-шартқа келуі міндетті. Банкроттықты қаржы ұйымы шешеді.

Осыдан 2-3 жыл бұрын Ресейде дәл осы заң енгізілгенде 2-3 миллионнан астам борышкерден 1 миллионы банкроттық алады деп болжанған. Бірақ сонша адамнан тек 19 мыңы ғана банкроттық алған. Бізде де дәл сондай болады. Мысалы, 5 миллион адам өтінім берді десек, оның тек 5 мыңы банкроттық алуы мүмкін. Сондықтан азаматтар өзі банкротпын деп жарияламас бұрын осы жақтарын нақтылап алуы керек. Халық жосарыда айтылған кейбір теріс әсерлерді дұрыс түсінгені жөн.



ЗАҢҒЕР КЕҢЕСІ

Мейірман
ҚАЛМАХАНҰЛЫ,
заңгер:



Ең тиімді жол – төлем қабілеттігін қалпына келтіру

Қазір азаматтардың 95%-ға жуығы соттан тыс банкроттыққа жүгініп жатыр. Соттан тыс банкроттыққа арыз беру үшін арнайы шарттар орындалуға тиіс. Мәселен, борышкер қарызының мөлшері 1600 АЕК-тен, яғни биыл 2023 жылға 5 520 000 теңгеден аспауы және қарыз 12 ай ғана өтелмеуі керек.

Соттан тыс банкроттық кезде борышкердің кірісі мен шығысы ескерілмейді. Ол тек төлем қабілеттігін қалпына келтіруге ескеріледі. Қасақана банкроттық анықталатын болса, қылмыстық жаза қарастырылмаған. Жалған банкроттық алған жағдайда 200 АЕК айыппұл салынады. Банкроттық заңның талабы бойынша әкімшілік жаза қарастырылған. Соттан тыс банкроттықтың екі кезеңі бар. Бірінші кезеңде құжаттың сәйкестігі тексеріледі. Одан өтсе 6 ай ішінде құжаттар толық тексеріліп, барлық талапқа сай келсе, банкроттық статусына қол жеткізуге болады.

Екінші талап – ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы. Егер мүлік болса, сот арқылы ғана банкроттыққа жүгіне алады немесе төлем қабілетін қалпына келтіруге байланысты рәсімдеу жүреді. 12 ай бойы қарыздар бойынша ешқандай төлем жасалмауға тиіс. Банкпен, микроаржы ұйымдарымен борыштар бойынша реттеу рәсімін жүргізуі керек.

Сонымен қатар, заңдағы ереже бойынша атаулы әлеуметтік көмекті 6 ай қатарынан алушылар үшін, мұндай азаматтар бойынша 12 ай ішінде төлемнің болмауы қолданылмайды. Берешегі 5 жылдан артық өтелмеген адамдар үшін мүліктің бар-жоғын тексеру және берешек сомасы бойынша шектеу жүргізілмейді. Соттан тыс банкроттық тек банкрот, микроаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы борыштар бойынша қолданылады.

Төлем қабілеттігін қалпына келтіргеннен кейін борышкер банкрот болып саналмайды. Банкроттық кезінде 5 жыл бойы еш жерден несие ала алмайды. Банкроттыққа жүгіну үшін 7 жыл өту керек болады. Бұл шектеулер төлем қабілеттігін қалпына келтірген азаматқа қойылмайды. Сондықтан ең тиімді жолы да – осы.

Бірақ оған екіншісі бірі жүгіне бермейді. Заңда ол үшін міндетті түрде мүлік болу керек делінген және ол мүліктің құны азаматтың қарызының мөлшерінен көп болуы керек. Сонда ғана қалпына келтіруге жүгіне алады. Екіншіден, тұрақты табыстың болуы маңызды.

Бұл процедура міндетті түрде сот арқылы ғана жүреді. Борышкер өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жүгініп, төлем қабілеттігін қалпына келтіре алады. Сотқа арыз бергеннен кейін 10 күннің ішінде сот ол арызды қабылдап, уәкілетті органды тағайындайды. Ол орган қаржы басқарушысын тағайындайды. Азаматқа қатысты барлық мәліметті жинастырып, қорытынды жасайды. Егер табысы шығысынан аз болса, төлем қабілетін қалпына келтіруге қорытынды ала алмайды. Банкроттықтан айырмашылығы осында. Соттан тыс та, сот арқылы да бірдей «банкроттық» статусы беріледі.

ТЕННИС

РЕКОРДТЫҚ НӘТИЖЕ

Біздің Елена Рыбакина әлемнің
6-ракеткасы атанды

Әйелдер теннисі қауымдастығының (WTA) live рейтингінде қазақстандық теннисші Елена Рыбакина жетіншіден алтыншы орынға көтерілді.



Бұған дейін дүниежүзілік рейтингте 4-сатыда тұрған Тунис өкілі Онс Жабер жаракатына байланысты Мадридте өтіп жатқан WTA 1000 турниріне қатысудан бас тартты.

«Медициналық тексеріс менің жіліншігімде жарақат бар екендігін көрсетті, сондықтан қалпыма келу үшін уақыт керек. Сондықтан өкінішке қарай, Мадридтегі биылғы турнирде өнер көрсетпеймін. Өз титулымды қорғай алмаймын», – деп жазды Жабер әлеуметтік желіде.

Мадрид жарысының өткен жылғы чемпионы Онс Жабер биыл сол атағын қорғауға тиіс болатын. Сондықтан ол дода біткеннен кейін 1 мың рейтингтік ұпайынан айырылады. Тунистік теннисші өткен аптада Штутгарт WTA 500 жарысының жартылай финалына дейін жетіп, онда 20 минуттай ойнап, жарақаты салдарынан матчты жалғастыра алмаған еді. Біздің Елена Мадридте табысты өнер көрсетсе, әлемдік рейтингіде бұдан да жоғарылауына мүмкіндігі бар.

ФУТБОЛ

ФИФА ПРЕЗИДЕНТІ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

Халықаралық футбол федерациялары қауымдастығының басшысы Инфантино 3 мамырда Қазақстанға келеді. Оны Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов арнайы шақырды.



Ресми сапар барысында ел аумағында ФИФА қызметін дамыту бойынша халықаралық шараларды ұйымдастыру мәселелері талқыланады.

Сондай-ақ, Орталық Азия футбол қауымдастықтары арасында ынтымақтастықты арттыру сөз болмақ. Джанни Инфантино үшін Халықаралық федерация басшысы қызметінде Қазақстанға алғашқы сапары болмақ.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ТІЗІМ ЖАРИЯЛАНДЫ

Ташкент қаласында
1 мамырда басталатын бокстан
әлем біріншілігінде ел намысын
қорғайтын боксшылардың тізімі
жарияланды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметінен мәліметінше, қазір ұлттық құрама боксшылары Шымкент қаласындағы «Алма-Тау» базасында соңғы оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Жарыс 1–14 мамыр аралығында өтеді.

Ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов әлем чемпионатында төмендегі боксшылардан үміт күтіп отыр.

«Біз әлем чемпионатына қатысатын үміткерлерді ұзақ уақыт әрі тиянақты іріктедік. Жыл басынан бірнеше оқу-жаттығу жиынын өткіздік, жігіттерді түрлі жарыстарға



апардық. Әр боксшыға қатысты сараптама жасадық. Сондықтан әрқайсысының шамасын білеміз. Әлем чемпионатына бірінші рет қатысатын 3 былғары қолғап шеберіміз бар. Олар жас болса да, тәжірибесі толысқан, бокс әлемінде алар орны бар. Халықаралық аренада намысты қолдан бермейді деген сенімдемін», – деді Мырзағали Айтжанов.

Белградта өткен соңғы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы 5 медаль (2 алтын, 2 күміс, 1 қола) иеленген болатын. Сербия астанасындағы жаһан біріншілігінің 3 бірдей финалисі (әлем чемпионы Сәкен Бибосынов, күміс жүлдегерлер – Махмұд Сабырхан мен Серік Темиржанов) Ташкент шаршы алаңында өнер көрсетеді.

Ұйымдастырушылар біріншілікке 104 елден 600-ден аса былғары қолғап шебері қатысады деп отыр. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер 13 салмақ дәрежесі бойынша анықталады. Халықаралық бокс қауымдастығы (ИВА) алтын медаль иегеріне 200 мың АҚШ долларын, екінші орын алған боксшыға 100 мың және екі қола жүлдегердің әрқайсысына 50 мың АҚШ долларынан береді. Чемпионаттың жалпы жүлде қоры 5,2 млн АҚШ долларын құрайды.

ХОККЕЙ

АЛМАТЫ – ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Астанадағы «Алау» мұз сарайында 8 және
13 жас аралығындағы хоккейші қыздар
арасында ҚР чемпионаты өтті.



өтті. Бірнеше қыз ерекше қабілетімен көзге түсті. Сәйкесінше, ұлттық құрамаға лайықты ізбасарлар өсіп келеді деген сөз», – дейді әйелдер хоккейінің жетекшісі Бұлбұл Қартанбай.

Айта кететін жәйт, Астана қаласы қыздар арасындағы ішкі біріншілікті алғаш қабылдады.

БӨРЕКЕЛДІ!

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КҮНШЫҒЫС ЕЛІН ЖЕҢДІ

Шайбалы хоккейден Қазақстанның
жасөспірімдер құрамасы Францияның
Анже қаласында өтіп жатқан әлем
чемпионатының екінші кездесуінде де
жеңіске жетті.



1-турда Мажарстан хоккейшілерін 3:0 есебімен тізе бүктірген жерлестеріміз 2-турда «А» тобында Қазақстанмен бірге турнир кестесінде көш бастаған Жапония жасөспірімдерін қапы қалдырды. Есеп – 5:0. Матчтың бірінші кезеңінде Қазақстан құрамасынан Артур Гросс ойынның есебін ашса, үзілістен кейін Кирилл Ляпунов Жапония қақпасына екінші шайбаны соқты.

Үшінші кезеңде де бұл есеп Қазақстан хоккейшілерін қанағаттандырған жоқ. 44-минутта Александр Ким таблодағы көрсеткішті 3:0-ге жеткізсе, арада төрт секунд өткенде Кирилл Ляпунов дубльдің авторы атанды. Ал матчтың аяқталуына бір минут қалғанда Әділ Бейсембаев мергендігімен көзге түсіп, матчтың соңғы нүктесін қойды – 5:0. Жерлестеріміз чемпионаттағы кейінгі ойынын бүгін Дания хоккейшілерімен өткізеді.

Олар алғашқы турда Жапониядан 5:3 есебімен жеңілген болса, екінші турда Украина құрамасын жеңді – 5:1. Екінші тур ойындарынан кейін турнир кестесінде Қазақстан құрамасы алты ұпаймен жеке-дара көш бастады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ



ҚАЛАМҒЕР ҚОЛТАҢБАСЫ

ҚР Ұлттық кітапханасында жазушы, драматург, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығына арналған библиографиялық көрсеткіштің тұсаукесері өтті.

Іс-шараға қазақтың белгілі жазушылары мен ақындары, қоғам қайраткерлері, әдебиеттанушылар, Алматы және Атырау қалаларының зиялы қауым өкілдері қатысты.

Библиографиялық көрсеткіш ҚР Ұлттық кітапханасы мен «Рахымжан Отарбаев руханият қоры» жеке қорымен бірлесіп шығарылды. Библиографиялық слайдта жазушының 1977 жылдан 2022 жылдың қараша айына дейінгі кезеңдегі кітаптары, әңгімелері, повестері, өлеңдері, пьесалары, аудармалары, әдеби сын-

зерттеулері, мақалалары, баяндамалары, сұхбаттары, өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектері қамтылды.

«Бүгінде қазақ әдебиетін, қазақ сөзін алыс-жақынға таратып, деңгейін биіктетіп жүрген жазушының екеуі болса, бірі – Рахымжан Отарбаев. Бүгінде шығармаларының бірнәшесі шет тілдерінде басылып үлгерді. Рахат дүниенің жалғандығын мойындамайтын, адамның жалғандығына қамығып, жаны ауыратын жан еді. Оның туындылары, суреттеп кеткен әлемі сол қалпында. Ол мәңгі өлмейтін шығармаларымен ғана емес, жазушылық мінезімен, адамгершілігімен, мейірімділігімен біздің жүрегімізде мәңгі қалады. Жас шәкірттері бүгінде белді қаламгерлер болды. Рахымжан заманымыздың заңғар жазушысы болды десем, артық айтпағаным», – дейді филология ғылымының докторы, профессор Әнес Ғарифолла.

Рухани кешке жиналғандар ҚР Ұлттық кітапханасының қорынан Рахымжан Отарбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Жалғыз атты жолаушымын» атты кітап көрмесін тамашалады.

КИНОКЕҢІСТІК

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНО: жаңа толқынның белсенділігі байқалады

Отандық кинематография саласы үздік туындылармен толығып келеді. Жыл сайын түсірілетін тарихи, драмалық, комедиялық фильмдер көрермен көңілінен шығуда. Үздіктері әлем елдерінің марапаттарына ие болып, топ жаруда. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылы кинотеатрға барушылардың саны 2021 жылмен салыстырғанда екі есе өскен.

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы 2022 жылы конкурстық іріктеуге сәйкес 62 киножоба мемлекеттік қаржылық қолдауға ие болғанын атап өтті. Жыл қорытындысы бойынша фильмдер халықаралық кинофестивальдерде 30-дан аса жүлде жеңіп алған. 13 елде қазақстандық кино күндері сәтті өткен. Отандық картиналарға Прага мен Париж, Сеул мен Мадрид, Берлин мен Бурса, Ташкент пен Баку көрермендері қошемет көрсетіп, ҰКҚМО-ның қолдауымен түсірілген 12 картина прокатқа шыққан.

«2022 жылы киносеанстарға барушылар саны 17 млн-нан асты, бір жыл ішінде көрсеткіш екі есе өсті. Қазақстандықтар ұлттық фильмдер сеанстарына көбірек бара бастады. 2021 жылы отандық фильмдердің көрсетілімін 931 мың адам көрді, бұл келушілердің жалпы санының 12,1%-ы болса, 2022 жылы ұлттық киноға барушылар үлесі 53,6%-ды құрады», делінген бюро хабарламасында.

«Біз ұлттық киноны қолдап, дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарамыз. Осы ретте екі бірдей бағдарламаны қолға алдық. Біріншісі – «Шетелдегі Қазақстан киносының күндері». Осы жылдың соңына дейін біз фильмдерімізді бірнеше елдерге көрсеттік. Аталған бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Негізгі мақсат – ірі кинонарықтарға бет бұрып, ұлттық киномызды шетелге сатумен белсенді айналысу. Болашақта біз бұл бағдарламаны қосымша ішкі



нарыққа бағыттауды да жоспарлап отырмыз. Ол енді болашақтың еншісінде.

Екінші бағдарлама – «Тираждау және дистрибуция». Бұл бағдарлама елдің екі ірі қаласымен шектелмей, аймақтық кинотеатрларда да белсенді жұмыс істей отырып, прокаттау, ілгерілету, премьералар мен басқа да маркетингтік іс-шараларға қаражат бөлуді көздейді. Аталған бағдарламаға қатысуға конкурс мемлекеттік сатып алу порталында жарияланған. Отандық киноны насихаттауды іске асырғысы келетіндер тендерге еш кедергісіз қатыса алады. Бұл тетік өз деңгейінде табысты жұмыс істейді деп сенемін. Кем дегенде, бірінші жартыжылдықтың талдауы, біздің бірнеше картиналарымыздың прокатқа шығуы жарқын келешекке нық сенім береді», – дейді Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шөкенов.

2 деректі фильмді іске асырды. Ал 2022 жылы мемлекеттік қаржыландыру конкурсына қатысушылар арасында жастардың үлесі басым. Конкурстық бағдарламалар аясында дарынды отандық режиссерлердің фильмдері көрсетілді. Көрсетілімдер сәтті өтіп, көрермендер риза болды, ал сыншылар бұл жастарды қазірдің өзінде «Қазақстандық киноның жаңа толқыны» деп атауда.

Бүгінде 2023 жылы түсірілетін жаңа фильмдердің тізімі жасақталған. Байқауға барлығы 270-тен астам өтінім келіп түскен. Бес жұмыс күні ішінде Киноорталықтың мамандары келіп түскен өтінімдердің құжаттамалары тиісті нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген барлық талаптарға сәйкестігін тексерді. Нәтижесінде мемлекеттік қаржылық қолдауға үміткер киножобаларды қорғауға 130 өтінім жіберілген.

**Бетті әзірлеген
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.**

OPEN ITALY–2023

ДОМБЫРАШЫЛАР – ИТАЛИЯ ТӨРІНДЕ

Темірлан мен Ернат беделді музыкалық байқаудың Гран-при жүлдесін жеңіп алды

«Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт» МКО солистері Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Италияның Песаро қаласына барып өнер көрсетті. Жыл сайын Песаро қаласында өтетін Open Italy шарасына 24 елден қатысушы жиналды. Олардың арасында қазақстандық дуэт үздік деп танылды. Қазақстандық инструменталды дуэт Темірлан Олжабаев пен Ернат Наурыз Open Italy–2023 беделді музыкалық байқауының Гран-при жүлдесін жеңіп алды.

«Біздің дуэт «Адай», «Көроғлы», «Әлқисса» күйлерін, О.Сүлейменовтің West шығармасын орындап, қазылар алқасы мен көрермендерді баурап алды. Темірлан мен Ернатты жарқын жеңісімен құттықтаймын. Жігіттердің қазақ музыкасын орындай отырып, халықаралық деңгейде жетістікке жеткені қуантады. Олардың өнері басқа талантты отандастарымызды шабыттандыратынына сенімдімін», – деп жазды Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов өзінің Telegram-дағы парақшасында.

Айта кетейік, Темірлан мен Ернат Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде оқыған және «Бастау» домбырашылар дуэті болып танылған. Олар 2018 жылы Латвия астанасы Ригада өткен «Еуропа музыкалық аспаптар» байқауының бас жүлдесін иеленіп, Голливудқа жолдама алды. Сол жылы Израильде Иерусалимде өткен «Әлем музыкасы» халықаралық музыка фестивалінде бас жүлде жеңіп алды. Түркияда өткен BRIDE TV телеарнасының музыкалық фестивалінде «Ең үздік музыкалық топ» деген арна марапатын иеленді.





ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

БАПТАЙ БІЛСЕҢ, ЖЕР ЖОМАРТ!

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыға кейіннен қосылған қала іргесіндегі елдімекендерде алақандай ауласын бау-бақшаға айналдырып, сол бақтан күзге қарай әжептәуір өнім алып отырған отбасылар көп. Бүгінде олар аулаларына түрлі дәнді-дақылдар мен жеміс-жидектерін егіп те үлгерген.

«Көктемнің әр күні жылға азық» демекші, егер бақшаныңды жақсылап күтіп-баптасаңыз, кез келген өнім күзде жемісін берері сөзсіз. Ең бастысы, еш қоспасы жоқ, құнарлы өнімді отбасыңыз тұтынады. Ол ішіп-жеміңізден артылып жатса, сатып пұл жасайсыз. Демек, баптай білсеңіз, алақандай бақшаның өзін бір отбасының табыс көзіне айналдыруға болады.

Кез келген адам үйінің айналасын көгалдандыруды қолға алып, ауласына қызылды-жасылды гүл егіп, бақшасына жеміс-жидек екенді құп көреді. Көпшілігі жеміс беретін ағаштар егеді. Алайда, оларды егудің өз тәртібі бар. Өйткені, кейбір ағаштар адамның көңіл күйіне, денсаулығына қатты әсер ететін көрінеді. Бұл жағдай ілгеріректе халық арасындағы наным-сенімге байланысты болса, қазіргі таңда ғылыми түрде дәлелденген дүние екен. Сол себепті, сала мамандары үйдің жанына адамның жағымсыз энергетикасын өзіне тартып, оның орнын жағымды әсерге толтыратын ағаштар егуге кеңес береді.

Молшылық пен байлықтың белгісі

ШИЕ ағашы күй талғамайтын, күтімді аз қажет ететін жеміс ағаштарының қатарына жатады. Бұл ағаш көктемде айналасын хош иіске бөлеп, әдемі гүлдерімен айналасына керемет көңіл күй сыйлай алады. Деректерге сүйенсек, шығыс елдерінде бұл ағашты сәттілік тұмары деп есептейді. Мен тұратын елдімекендегі жұртшылық түгелдей дерлік бақшаларына жеміс егеді. Кейде ағаштар гүлдеп тұрған кезде жанына қауап пісіріп, от жағып жатқандарын өз басым талай көргенмін. Көршім егде жастағы грек әйелі болатын. Бірде әлгі апайымды көріп қалып: «Оттың жалыны ағашқа әсер етеді ғой, неге алысырақ жақпайсыздар?» деп сұрадым. Сонда көршім: «Шие ағашын бақшаның шетіне немесе көрінбейтін қуыс жаққа емес, үйге жақын, ас пісіруге ыңғайлы жерге еккен жөн. Тіпті, ағашқа жақын жерде ас пісіретін ошақ болса да артық етпейді. Өйткені, шие гүлдеген кезде астына от жағылатын болса, онда сол үйдің байлығы еселене түседі, молшылық болады» деді. Сонда барып, мен әлгі жанып жатқан оттың сырын білдім.

Жалпы, бағбандар шие ағашын көктемде бүршік жармай тұрып егу қажет екенін айтады. Сондықтан оны егу үшін жердің толық қызғанын күтудің қажеті жоқ. Содан кейін шие ағашын жаңғақ, алмұрт секілді жемістердің жанына егуге болмайды екен.



Ұзақ өмір сүрудің кепілі

АЛМҰРТ ағашын жер жағдайына қарай наурыз айының ортасынан мамыр айына дейін еге беруге болады. Алмұрт үйдің жанында жақсы өседі. Бірақ оның қасына сүйекті ағаштарды егуге болмайды. Мәселен, алмұрттың қасына қараөрік, шие, өрік ағаштарын егетін болсаңыз, алмұрт ағашының жеміс беруі мен тәттілігі азаяды, дәмі қышқыл татып кетеді. Керісінше, оның жанына қарақат пен таңқурай еккен жөн. Наным-сенімдерде алмұрт ағашын ұзақ өмір сүрудің кепілі махаббат пен тұрақтылықтың белгісі деп бағалайды.

Отбасылық өмірге шаттық сыйлайды

АЛМА ағашы көпшілігіміздің бақшамызда бар. Славян елдерінде бұл ағашты көбінесе қыздары жататын бөлме терезесінің тұсына егеді екен. Ол әдемілік сыйлайтын, өз-өзіне деген сенімділікті күшейтетін және махаббатта сәттілік әкелетін, отбасылық өмірге шаттық сыйлайтын күшке ие деген сенім бар. Алайда, алма ағашымен қатар сирень, шие, алша, шабдалы жемістерін егуге болмайды. Мәселен, шабдалының тамыры жан-жаққа жайылып өсетіндіктен, топырақтағы барлық қоректі өзіне тартып алады. Алмамен қатар арасын алшақтау етіп, айва, черешня егуге болады. Бұл ағашты көктемде жер қатты қызбай тұрып, кешке қарай еккен дұрыс.

Махаббат энергетикасын береді

ӨРІК пен **ШАБДАЛЫ** ағашы. Екі жеміс те сұлулық пен махаббат энергетикасын береді, яғни өте ұқсас ағаштар. Екеуін де үйдің жанына егуге болады, бірақ екеуін қатар ек-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«АҒАШ ЕКСЕҢ, КҮНӘҢ ЖЕҢІЛДЕЙДІ»

Ертеде бір қандықол қарақшы тәубе еткісі келеді. Ол Шайқы Бұрқы әулиеге келіп: – Мен қырық жыл бойы қан төктім. Зұлымдықтан басқа іс жасамадым. Енді тәубеме келдім. Қандай амал жасасам, Құдай күнәмді кешеді? – деп сұрайды. Шайқы Бұрқы: – Жол шетіне жеміс ағашын ек. Өткен-кеткен жолаушылар саясына демалсын. Жемісін жесін, шөлін қандырсын, – дейді. Қарақшы жолдың жиегіне көп ағаш егіп, баптады. Арада бірнеше жыл өткенде ағашы жайқалып, бақшаға айналыпты. Жолаушы демалып, керуен ат шалдыратын шұрайлы жерге айналады. Бір күні Шайқы Бұрқы жолаушылап келе жатып, қарақшының бақшасына кезігеді. – Бұл кімнің бағы? – деп сұрайды. – Бақтың иесі жоқ. Жергілікті жұрт «қарақшының бағы» деп атайды. Қарақшының өзі он жыл бұрын дүниеден озыпты, – дейді. Шайқы әулие бақтың жемісін жеп, сол жерде түнейді. Түсінде баяғы қарақшыны көреді. Ол жұмақтың бақшасында отыр екен. Төбесінен нұр тамшылап тұрады. Шайқы: – Ей, Алла, бұл не хикаят? Қарақшының төбесінен нұр не үшін тамшылап тұр? – деп сұрайды. – Мұның екен ағашының саясына сан адам келіп демалады. Жемісін жейді. Соның сауабы өзіне ахиретте өшпес азыққа айналды, – дейді. Шайқы Бұрқы ұйқыдан көңілді ояныпты. Содан бастап ел арасында «ағаш ексең, күнәң жеңілдейді», – деп насихат айтыпты.

пеген жөн. Бағбандар екі ағаштың көшетін ерте көктемде, күн молынан түсетін жерге егуге кеңес береді.

ҚҰЛПЫНАЙ – ылғал мен күн көзін сүйетін дақыл. Сондықтан оны құрғатпай суарып тұрған абзал. Байқасаңыз, құлпынай гүлдей бастағанда әр түп ұзын-ұзын мұртшалар тастайды. Оны дер кезінде қиып тастап отырмаса, бар қуатты мұртшалар алып қойып, негізгі түптің жемісінің өсуіне мүмкіндік бермейді.

Алайда, кез келген өнім құнарлы жеміс беру үшін оны дұрыс күтіп-баптау қажет. Ол үшін бізге арнайы мамандардың кеңесі қажет-ақ. Мамандар кеңесін алдағы нөмірде жазатын боламыз.

P.S. Несібесін қара жерден іздеген талай жұрт бүгінде ең алдымен ауласын тазалап, одан кейін үйінің айналасындағы алақандай жеріне түрлі жеміс ағаштары мен көкөністің дәндерін егіп жатыр. Ендеше, көктемде жеріңізді шаршамай баптап, күзде жемісті молынан алыңыз!





БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Айжан-Сара ЖАНСЕЙІТОВА:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР –

ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі



дейтін. Әлі есімде, мектепте оқып жүргенімде қатысқан алғашқы байқауым бүкіл өміріме өзгеріс әкелді. Полигон туралы «Невада-Семей» деген суретім үздік деп танылып, 1-орын алдым. Көп ұзамай көркем сурет мектебіне қабылданып, үш жыл сонда оқыдым. Дарынды балаларға арналған мектептен сертификат алып, жоғары оқу орнына түстім.

«ҮЙРЕНГЕНІҢ ӨЗІҢЕ ЖАҚСЫ, ІСТЕГЕНІҢ МАҒАН ЖАҚСЫ»

– Сізді осы өнерге баулыған ұстаздарыңыз кімдер еді?

– Ең алғашқы ұстазым деп Еркеш әжемді айтар едім. Ол кісі мені бес жасымнан ауылға әкеліп, көп нәрсеге үйретті. Әжем өте ісмер кісі болатын, қолынан келмейтіні жоқ. Құрақ көрпеше, мойын жастық, түскізіден бастап, алаша, кілем, шиге дейін өзі тоқитын. Жаз болса тулағын жайып тастап, жүн сабап, киіз басатын. Үйіміздегі ескі «Зингер» деген іс машинасымен шапан, ішік, қысқы тонға дейін тігетін. Жайлаудағы қойшыларға қажетті көрпе-жастықтың бәрі әжемнің қолынан өтетін. Кішкентай болсам да, сол кезде-

СҮЛУЛЫҚТЫҢ СЫРЫН ҰҒЫНДЫРА БІЛУ ДЕ ӨНЕР

– Сіз өз картиналарыңызда нені бейнелегенді, жалпы, қандай тақырыпты арқау еткенді ұнатасыз?

– Меніңше, кез келген адам суретші. Тек адамдарға сұлулықтың сырын ұғындыра білуіміз керек. Көбіне салған суреттерімде табиғат пен адамның тұтас бір ұғым екенін көрсетуге тырысамын. Сосын ұлттық құндылықтарды қалам арқылы дәріптегенді ұнатамын. Бір кездері қазақ әйелінің, келіндерінің образын салған картиналарым түгел сатылып кетті. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын екі картина салған едім. Бірақ бұл картиналар



– Иә, дұрыс айтасыз, бірақ менің жолым болды. Өйткені, жолдасым – Естай Даубаев мүсінші, өнерді түсінетін кісі. Дегенмен, кезінде 13 жылдай мейрамхана кәсібімен шұғылданып, біраз қол үзіп қалған да кездерім болды. Одан кейін балалы болып, отбасылық мәселелермен біршама отырдым. Сол кездерде өзімнің жақсы көретін ісімнің сурет салу екенін түсіндім. Кезінде қалада тұрсақта, әжемнің арқасында ауылдың тіршілігімен таныс болдым. Бірақ қазіргі қала баласының танымы басқа. Сондықтан балаларымды қазақы қалыпта тәрбиелеп, ұлттық құндылыққа баулып жүрмін. Өйткені, ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Атақ мінуді үйренсін деп, үйірмеге апарамын. Екеуі де домбыраға барады. Қымыз бен шұбатты сүйсініп ішеді. Ана тілінде таза сөйлейді. Сурет те салады, ән де айтады. Міне, менің біраз жылым текке кетпеген сияқты. Осындайда қыз-келіншектерге көмегі тиер деп, басымнан кешкен жағдайды бөлісе кеткенді жөн көріп отырым.

КІТАП ОҚЫҒАН АДАМНЫҢ ЖАН-ДҮНИЕСІ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ

Осыдан бес жыл бұрын қызым «мама, сіз мүлдем өзгеріп барасыз. Үйде көп отырып қалдыңыз. Психологиялық кітаптарды көбірек оқу керек. Өзіңізді қолға алсаңызшы», – деп кеңес берді. Алғашында мойындағым келмей, біраз қарсылық таныттым. Психологқа баруға кеңес бергенде, тіпті шошып кеттім. Сөйтсем, сөзінің жаны бар екен. Біраз психологиялық кітаптар әкеп берді. Не керек, үш жылда көп кітап оқыдым. Сол кезде өзгере бастағанымды байқадым. Сізге өтірік, маған шын, психологқа барған соң, мүлдем өзгердім. Мен өзімнің дұрыс өмір сүріп жатпағанымды байқадым. Шыны керек, менің өзгеруіме қызым Әселдің көп көмегі тиді. Шығармашылықтың адамы болған соң, көре де, жаза да білуің керек екен. Өзімнің балалық шағым, туған ауылым, ата-әжем туралы шағын әңгімелер жазып, картиналар сала бастадым. Сурет салып, сұлулық әлемімен тілдесу мені тіпті өзгертті. Мен өзгерген соң жолдасым да өзгерді. Жасым ұлғайғанда көтерген соң балаларыма ерекше өбектеп отырушы едім. Оларды еркіндікке жіберуді үйрен бастадым. Косметологқа барып, спортпен шұғылдандым. Адам үйде отырса, басылып қалады екен. Үш жыл ішінде мүлдем өзгеріп шыға келдім. Осылайша сүйікті кәсібіммен қайта қауышып, сурет салып, сата бастадым. Кәдімгі қол сабынды қалай жасауды да үйреніп алдым. Әжемнен үйренген баяғы замандағы әдіспен жасаймын. Сабынға хош иістер, бояу қосып, түрлі бейнелер жасаймын. Сосын шоколад жасауды үйрендім. Одан да түрлі бейнелер жасаймын. Қазір түрлі шақыртулар алып, шеберлік сыныптарын қоса өткізіп жүрмін. Менің бір ұққаным, адам ең алдымен өзі жақсы көретін нәрсемен айналасуы керек екен. Әсіресе, әйелдер психологиялық кітап оқыса, көп өзгертінін байқадым. Жалпы, кітап оқыған адамның жан-дүниесі де өзгереді.

Соңғы кездері бос уақыттарында сурет салуды әдетке айналдыратын кісілердің қатары көбейіп келеді. Суреттің сырын үйренгісі келеді. «Шеберлік сабағын өткізсеңіз» дейді. Қолымнан келгенше үйретуге тырысамын. Суретші болғысы келетін балаларды көрсем, тіпті қуанып қаламын.

– Картиналарыңыз көп екен. Бір жұмысты салғанда қанша уақыт кетеді? Көрме өткізу ойыңызда бар ма?

– Бір жұмысты екі-үш күнде саламын. Егер күрделі болса, онда біраз уақыт керек. Кезінде дипломдық жұмысым үшін тоқыған «Куда идет человечество» деген gobelenімді қаламыздағы ең үлкен дүкен сатып алған еді. Сол жұмысым әлі күнге дейін екінші кабатында ілулі тұр. Осы жылдар ішінде көптеген мемлекетте болып, көрмелерге қатыстым. Менің картиналарымды Франция, Германия, Жапония, Ресей, Америка, Түркия, Түркіменстан сияқты мемлекеттер сатып алды. Көбіне коллекционерлер алады. Жеке шеберханам бар. Жақында Германиядан шақырту алдым. Қазір сол сапарға әзірлік үстіндемін. Әрине, алдағы уақытта үлкен көрме өткізсем деген жоспарым бар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Рая ЕСКЕНДІР.

Қазақтың бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қыздарымыздың қатары көп емес. Сол үркердей топтың арасында өнерімен ерекшеленетін қылқалам шебері – Қазақстан Суретшілер одағының, «Таңшолпан» халықаралық әйелдер қорының мүшесі, ҚР Өнер академиясының корреспондент-мүшесі Айжан-Сара Жансейітова. «Алматы ақшамының» бүтінгі қонақжай шаңырағының тайманы нағыз кемеліне келген кәсіби суретші. Соңғы уақытта жеңілдікпен еңбек жолынан өткен қылқалам шебері өзінің тәжірибесін жас суретшілерге үйретіп, осы саланың қыр-сырына баулып жүр.

«АТА-АНА – БАЛАҒА СЫНШЫ»

– Кезінде сіздің замандастарыңыздың дені заңгер, есепші болғысы келетін еді ғой. Сіз қалай осы жолды таңдадыңыз?

– Қазақ өнерінің қарашаңырағы Т.Жүргенов атындағы өнер институтының қолданбалы өнер факультетін бітіргенмін. Ол кезде бұл оқу ордасы солай аталатын еді. Менің суретші болсам-ау деген арманым ата-анамның да ықпалы болған сияқты. Отбасындағы 4 баланың ең үлкенімін. Әкем Бекжігіт әскери қызметте болған кісі, қазір жасы 86-да, анам Тараз өңіріне белгілі ақын Айша Көпжасарова. Кезінде мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, кейін облыстық театрда режиссердің көмекшісі болып ұзақ жыл еңбек етті. Қазір ата-анам құрметті зейнетте.

«Ата-ана – балаға сыншы» демекші, менің бойымдағы өнерге деген қызығушылықты әкем сол кезде-ақ байқаса керек, үнемі «түбі осы қызымнан суретші шығады, әлі-ақ, дүниежүзіне халқымызды танытатын болады» деп қолпаштап отыратын. Бала емеспін бе, ондай кезде шабыттанып, дереу әкемді, анамды, тіпті мысығымға дейін бейнелеп, сурет салатынымын.

Ең алғаш рет сыныптастарымды әжуалап салған шарждарымнан әркім өзін танып жатты. Бұл мені шабыттандыра түсті. Тіпті, сыныптастарым «ананың суретін салшы, мынаны салып берші» деген өтініш те айта бастады. Осыдан соң «суретші қыз» атанып, қолым қалт етсе, отыра қалып, сурет салатынымын. Бірде менің бір ұстазым «сен, химияны оқымай-ақ қой. Бәрібір суретші бола-сың деп, сабақ үстінде сурет салғызып қойғаны бар. Мектептегі жиын, түрлі диспуттар, қабырға газетін безендіру сияқты жұмыстар менің мойнымда болды. Ол кезде қазіргідей емес, сурет салуға қажетті кеңсе тауарларының қат кезі. Қайдан табатынын қайдам, әкем түрлі-түсті қарындаш, сурет салатын қалың дәптер, құтыдағы акварельді бояуларды көп қып әкеліп беретін. Әкеме сол үшін әлі күнге ризамын. Мүмкін, өнердегі тұсауым осылай кесілді ме кім білсін, 7-сыныптан бастап, суретпен біржола айналыса бастадым. Анам да менің суретші болғанымға қарсы болмады. Үнемі мұқабасында Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Ысмайылованың суреттері бар журналдар әкеліп беретін. Ақынның жаны, түсінігі мүлдем бөлек қой. Бар айтатыны «кім болсаң да, аман болшы»



ақ әжемнен жүн бояуды, түтуді, сабауды үйреніп алдым. Әкем үнемі «үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» деп отыратын. Сол айтқаны рас екен, институтқа түскенімде тек теорияны ғана оқыдым, әкемнен алған тәжірибе маған жеткілікті болды. Шынымды айтсам, әлі күнге дейін әкемнен үйренген қолөнерді қолданып келемін. Қазір қандай табыса қол жеткізсем, ең алдымен әкемнің арқасы деп отырамын.

Өнер институтында Сахи Романов, Мұхамедханафия Телжанов, Бексейіт Түлкіев, Мұрат Ахметов, Молдахмет Кенбаев, Еркін Мерғенов, Ерболат Төлепбаев, Сәуле Бапанова, Сейітқали Шалабаев, Жұмақын Қайранбаев, Бәтима Зәуірбековалардан дәріс алдым. Институтқа Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Ысмайылова келіп, шеберлік сыныптарын өткізетін. Қазір ойлап отырсам, сол кез өмірімнің ең бір сәулелі кезеңдері екен ғой. Атақты корифейлерден дәріс алып, ақыл-көңесін тыңдаудың өзі бір мектеп емес пе? Қазір осы кісілердің көбі арамызда жоқ.

кеңселік жұмыстар. Біреуінде әйелдің көзін басты тақырып етіп алдым. Бір қарағанда кәдімгі көз моншақ сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ менің «көздерімнің» бірі қуанышты, бірі мұңлы, бірі тұп-тұнық, енді бірі қара, бірі көк, бірі таңқалып тұрғандай әсер береді. Өйткені, осы көздер арқылы қоғамдағы әйелдің рөлін, иығындағы ауыр жүкті, отбасындағы орнын көрсеткім келді. Көз адамның айнасы емес пе? Осы көздерден-ақ әйелдің өмірін түсінесіз. Картинаны салмас бұрын, қоғамдағы әйелдерге қатысты бір мәліметті оқып, қатты күйзелгенім бар. Содан ішкі жан-дүниеңді гүлдің бейнесі арқылы білдіргім келді. Ал жалпы ашық түсті жақсы көремін. Картиналарыма көбіне ашық түсті пайдаланамын. Таңертең тұрғанда өз жұмыстарыма қараймын да, көңілім көтеріліп сала береді.

– Шығармашылық адамына жұмыс пен отбасылық өмірді қатар алып жүру оңайға түспесі анық. Бұл жағынан қиналған кезіңіз болды ма?

ДҮЙСЕНБІ
1 МАМЫР

Almaty TV АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ
КҮНІ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт 1 Мая
8.00 Д/ф. Достық Үйі
8.30 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Әзіл әлемі
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.40 Д/ф. Достық Үйі АНК
3.00 Алматинские истории
3.25 Алматинские каникулы
3.55 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Ұнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Бірлігіміз жарасқан». Деректі фильм
7.00 «Достығымыз жарасқан». Мерекелік концерт
8.25 «Күй-керуен»
9.00 «Түркістан – достық мекені». Мерекелік жоба
10.00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «Ән мен әнші»
13.45 «Шаңырақ». Мерекелік бағдарлама
14.20 «Тұлға». Деректі фильм.
14.50 «Сағындырған әндер-ай!». Мерекелік концерт
17.30 «Тұлға». Деректі фильм
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 «Aqorda»
20.10 АЙГҮЛ ИМАНБАЕВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘН КЕШІ
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Астана күзі ызғарлы». Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
1.00 «Бірлігіміз жарасқан». Деректі фильм
1.40 «Тұлға». Деректі фильм
2.10 «Күй-керуен»
2.45 «Би мен болмыс»
3.15 «Жәдігер»
3.35 Ұнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Ұнұраны
05.00 Мегахит.
«Коломбиана»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультфильм.
«Как поймать перо Жар-Птицы»
11.50 Мультсериал. «Десять друзей кролика»
12.30 Концерт. «Шаңырақ»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал.
«Мой мужчина, моя женщина»
18.00 Сборник.
«Әсем әндер»

18.30 Документальный фильм. «Альянс степей и гор»
19.00 Кино. «Базар жоқ, Мексика!»
21.00 Концерт. «Туған ел»
Тоқтар мен Бейбіт
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Ұнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ҰНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 «Күліп ALL»
08.00 «31 әзіл»
08.50 Мультсериал
«Ұлы жауынгер»
09.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.00 КИНО. Джессика Альба
в комедии «Удачи, Чак!» (повтор)
12.10 КИНО. Дольф
Лундгрэн, Тони
Джа в боевике
«Работоторговля»
(повтор)
14.20 КИНО. Марк Уолберг,
Джейсон Стэйтем в
боевике «Ограбление
по-итальянски»
(повтор)
16.50 Анимационный фильм
«Хороший динозавр»
18.50 КИНО. Том Круз в
боевике «Джек Ричер»
21.40 КИНО. Том Круз в
боевике «Джек Ричер
2. Никогда
не возвращайся»
00.15 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы
«Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.45 Наши любимые
комедии.
«КАВКАЗСКАЯ
ПЛЕННИЦА,
ИЛИ НОВЫЕ
ПРИКЛЮЧЕНИЯ
ШУРИКА»
10.20 Юрий Батурин, Юлия
Ауг, Анна Лутцева,
Фёдор Лавров в
многосерийном
фильме «ЛИЧНОЕ
ПРОСТРАНСТВО»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.00 «РЕФОРМЫ
ТОКАЕВА. ВЗГЛЯД
СО СТОРОНЫ».
Документальный
фильм
18.30 «БАСТЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.25 Александр Никитин,
Елена Великанова,
Юлия Зимина,
Ольга Волкова,
Владимир Сычёв,
Сергей Жарков,
Александр Пашков

в многосерийном
фильме «МЕЖДУ ДВУХ
ОГНЕЙ»
0.10 Ночной кинотеатр. «ПО
ЗАКОНАМ ВОЕННОГО
ВРЕМЕНИ. ПОБЕДА»
2.15 «БАСТЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР»
2.40 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
3.25 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.10 Т/х «Ұлы дала
жанұясы»
07.30 Т/х «Тақиясыз
періште»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/с «Кукольный домик»
13.30 Т/с «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.30 Шаншар 60+60
16.10 Әзіл time
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Дорога домой»
Премьера!
20.00 Әзіл time
21.00 Т/х «Аппақ келін»
21.30 Т/х «Шырғалаң
тағдыр»
22.30 «Дос-Мұқасан»
және «Самоцветы»
ансамбльдерінің
мерекелік концерті
00.45 Jaidarman
01.30 Т/п «Айна Online»
01.50 Т/п «Тамаша 7 км»
02.40 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
09.40 «ЛЮБОВЬ НА
МИЛЛИОН»,
казахстанское кино
(худ.фильм) (повтор)
11.30 «ТОЙХАНА»,
казахстанское кино!
(худ.фильм)
13.20 «ХОТЯ БЫ В КИНО»,
казахстанское кино!
(худ.фильм)
15.30 «ВИКТОРИЯ»,
мелодрама. Премьера!
(худ.сериал)
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу. Жаңа
маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВОЗВРАЩЕНИЕ»,
мелодрама (худ.
сериал)
00.00 «СТАЖЁР»,
детективная
мелодрама. Премьера!
(худ.сериал)
01.30 «ВИКТОРИЯ»,
мелодрама
(повтор)
03.00 «ТОЙХАНА»,
казахстанское кино
(қайталау)
04.20-
04.50 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Ұнұран
07.05 СПОРТИВНАЯ
ГИМНАСТИКА. Кубок
Мира. 1-часть
08.35 Мейірім
Нұрсұлтановпен
сұхбат

08.55 БОКС. Әлем
Чемпионаты. Ерлер.
(57, 60, 67, 92. 92+ кг)
Тікелей эфир
13.15 «PRO FOOTBALL».
УЕФА Еуропа мен
Конференция лигасы.
1/4 финал
13.55 БОКС. Әлем
Чемпионаты. Ерлер.
(57, 60, 67, 92. 92+ кг)
Тікелей эфир
17.45 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының журналы
18.10 ВОЛЕЙБОЛ. Әйелдер
командалары
арасындағы Азия
клубтық чемпионаты.
«Hip Hing VB Club»
(Гонконг) – Khuvsul
Erchim (Моңғолия)
20.10 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
20.40 «Бағы жанған бапкер».
Арнайы репортаж
21.00 MMA. OCTAGON 44
02.00 «PRO HOCKEY».
3-шығарылым
02.25 Ұнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Ұнұраны
«Қане, бізге қосыл!»
ойын-сауықтық
бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
7.40 «Турбозаврлар»
Мультхикая.
8.05 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық /
«Сәби»
9.10 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar»
танымдық бағдарлама
9.35 «Фияның
перизаттары»
Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
10.00 «Сарай коргилері»
толықметражды
мультфильм.
11.30 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
11.40 Анимация. Отандық /
«Жібек»
12.00 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
12.25 «Бал балалары»
ситком.
12.45 «Зуудың достары»
Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
«Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.35 «Пәдди – сүйкімді ақ
аю» Мультхикая.
14.00 «Ерекше қажеттілігі
многосерийном фильме
«ДИНА И ДОБЕРМАН»
1.25 Юлия Пересильд,
Евгений Цыганов в
фильме «БИТВА ЗА
СЕВАСТОПОЛЬ»
3.25 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
07.20 Әзіл time
08.10 Т/п «Құтты қонақ»
09.20 Т/п «Измайловский
парк»
10.50 Шоу «Маска»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Әзіл time
17.00 Бережелі мереке
21.00 Х/с «Танкист»
01.00 Т/п «Құтты қонақ»
01.30 Jaidarman
02.10 Т/п «Келесі кім?»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
07.50 «АЛДАРАСПАН»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ»
шоу-программа
10.40 «ВХОДИТЕ, ЗАКРЫТО!»
мелодрама (повтор)
(худ. сериал)
15.00 «ЖҮРЕГІМДЕСІҢ СЕН!»
көркем фильм (өзбек
худ. фильм)
16.30 «ҚАҢШЕРЛЕР
ОЙЫНЫ», көркем фильм
(өзбек худ. фильм)
18.10 «ӨМІР-ӨЗЕН», Лұқпан
Жолдасовтың ән-кеші
21.00 «ВЕСНА ПЕРЕМЕН»
мелодрама. Премьера!
(худ. сериал)
00.30 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ»
шоу-
программа (повтор)
01.30 «ЖҮРЕГІМДЕСІҢ СЕН!»
көркем фильм (өзбек
худ. фильм)
(қайталау)
02.50-
04.30 «ӨМІР-ӨЗЕН»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Ұнұран
07.05 ХОККЕЙ. Жолдастық
кездесу. Ерлер.
Россия – Беларусь
09.30 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
09.55 БОКС. Әлем
Чемпионаты. Ерлер.
(57, 80, 86, 92, 92+ кг)
13.00 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
13.30 ДЗЮДО. Әлем
Чемпионаты.
Әйелдер-48 кг,
Ерлер-60 кг.
Тікелей эфир
18.30 «Бағы жанған бапкер».
Арнайы репортаж
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Шахтер» –
«Қызылжар».
Тікелей эфир
21.00 ДЗЮДО. Әлем
Чемпионаты.
Әйелдер-48 кг,
Ерлер-60 кг.
Тікелей эфир
22.30 «PRO HOCKEY».
3-шығарылым
22.50 ФУТЗАЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасы.
Финал. Тікелей эфир
00.35 ФУТБОЛ.
«Доп дода»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
01.15 Ұнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Ұнұраны
Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.05 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнікей»
7.40 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
8.00 Анимация. Отандық /
«Әтеш Брустер»
8.25 Мультхикая.
«Көк орманның
еркелері» Мультхикая.
«Super отбасы»
оотбасылық
бағдарлама
9.15 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
9.40 Анимация. Отандық /
«Ежелгі қалаларға
саяхат»
10.05 Анимация. Отандық /
«Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
10.20 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.45 Анимация. Отандық /
«Бигфут отбасы»
толықметражды
мультфильм
10.55 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
12.25 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
12.35 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.50 «Көке» ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
13.45 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
14.10 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере»
ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнікей»
15.20 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен Серке»
15.50 «Отанға қызмет етемін!»
реалити шоу
16.10 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
16.25 «Әтеш Брустер»
Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық /
«Ежелгі қалаларға
саяхат»
17.20 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
17.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.40 «Көк орманның
еркелері»
Мультхикая.
19.05 «Құпия кітап»
ситком.
19.30 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
19.45 «Бигфут отбасы»
толықметражды
мультфильм

21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
21.30 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
22.35 «Отанға қызмет етемін!»
реалити шоу
23.00 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен Серке»
23.20 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Лестница в небеса»
телесериал
12.20 «Осман» түрік
телехикаясы
13.30 Специальный репортаж
«Қалқан»
13.30 «Алдараспан»
17.00 «Гуд бай мой Бай 2»
Худ. фильм
19.00 «Бизнес по-казахски»
Худ. фильм
21.00 «Осман» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «1boi»
00.30 «АШЫ ШЫНДЫҚ»
тележоба



TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Көке» 1-серия,
телехикая
12.00 Ұлт саулығы
12.20 «Көке» 2-серия,
телехикая
13.24 Dental planet
13.30 «Көке» 3-серия,
телехикая
14.20 ТамашаLike
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Көке» 4-серия,
телехикая
16.00 «Көке» 5-серия,
телехикая
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Ғибратты ғұмырлар
22.05 «Барынды бағала» –
қысқа метражды фильм
22.35 Пруст сауалнамасы
22.55 Views

Бауыржан
Момышұлы

«БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ»

ТЕЛЕСЕРИАЛ.

«ХАБАР» АРНАСЫ.
САҒАТ 10.00-де.



ҚАУІПСІЗДІК

ӨРТ –
ТІЛСІЗ ЖАУ

Табиғат – ортақ байлығымыз, оны қорғау – әркімнің борышы

«Медеу» МӨТП коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басты қызметі – қоршаған ортаны өрттен қорғау. Орман өрттерін болдырмай алдын ала сақтық шараларын қамтамасыз ету үшін елдімекен тұрғындарына және жер иелеріне қатаң талап қою керек.

Орманды өрттен сақтау – негізгі бағдарымыз, сол себепті парктің бақылау-өткізу тоспаларында топтық рейдтер жүргізіледі. Ерекше қорғалатын табиғи аумағымызда өртті болдырмауды қатаң қадағалап, табиғат сұлулығын сақтап, қоршаған ортамызды өрттен қорғау – басты міндетіміз.

Өрт – тіршілік үшін өте қауіпті апаттардың бірі. Орманшылықтар бойынша өрт сөндіруге қажетті құрал-саймандар ұдайы жаңартылып отыруы тиіс және өрт қаупі бар аумақтар тұрақты бақылауда болуы маңызды. Осы мақсатта бұл аумақтарда маусымдық кезеңдерде қауіпсіздік шараларына дайындық жұмыстары үнемі жүргізілуі қажет. Орманшылықтарда және орталық кеңседе өрт қауіпсіздік маусымында, демалыс күндерінде үздіксіз кезекшіліктер ұйымдастырылады. Өрт қауіпсіздігін бұзған тұлғалар әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылады. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, осы бағдардағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу дәрістеріне тек орман қызметкерлері ғана емес, жергілікті тұрғындар да қамтылғаны жөн. Үгіт-насихаттық тәрбие жұмыстары аясында лекциялар, баяндамалар, орманға барар жолдардағы демалатын жерлерде түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Өрт шыққан жағдайда оның әкелетін қасіреті өте көп. Өртенген жерлер қайтадан қалпына келуі үшін көптеген жылдар қажет. Өртенген жердің ағаштары, өсімдіктері өртенбей қалғанның өзінде неше түрлі ауруға ұшырайды. Өрттің ісінен ауа ластанады және оның адамдар үшін басқа да зиянды әсерлері көп. Табиғат – ортақ байлығымыз, оны қорғау – әркімнің борышы.

«Өрт – тілсіз жау» деп бекер айтылмаған. Әрқашан оны болдырмаудың жолдарын қарастырып, апаттың алдын алу – біздің міндетіміз. Одан келетін зардаптардың орны оңайлықпен толмайтындығын естен шығармай, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтаған дұрыс.

**Алтынбек
ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
Алматы қ. ӘжҚОБ «Медеу»
МӨТП» КММ.**

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЗАМАНАУИ ИНЖЕНЕРЛЕР

Білікті кадр дайындау үшін білімді ұстаз қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев техникалық мамандықтарға басымдық беру керектігін үнемі айтып келеді. Бұл ретте 2025 жылға дейін Қазақстанда әлемдік беделі бар бес университеттің бөлімшесі ашылады. Екі оқу ордасы батыс өңірде бой көтереді. Сөйтіп, елде техникалық мамандықтарға барынша көңіл бөлінеді. Бұл – көпшіліктің көңілінен шыққан оң бастама.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Техникалық мамандық – заман талабы

Ел Президенті қолжетімді әрі сапалы білім беруге ерекше көңіл беріп отыр. Бұл – Мемлекет басшысы ұстанған басым бағыттардың бірі. Сондықтан гуманитарлық мамандықтарға әуестенбей, техникалық мамандыққа мән беретін кез келді.

Шынында да елімізде заман ағымына сай білікті кадрлар, техникалық интеллигенцияның жаңа буынын дайындау мәселесі барынша өткір сипатқа ие болып отыр. Мұндағы басты міндет шикізат сату ғана емес, оны өңдеу ісіне келіп тіреледі. Демек, экономикалық дамудың ендігі қозғаушы күші дамыған адам ресурсы болып табылады. Бұл ретте заманауи инженер мамандардың алар орны ерекше болмақ.

Қазір Білім және ғылым министрлігі техникалық мамандықтарға көптеп көңіл бөліп, осы салаға мемлекеттік тапсырысты көбейтіп отыр. Өйткені, бізге 108 мыңға жуық маман қажет екен. Оның ішінде инженер мамандарына деген сұраныс 12 мыңнан асады. Мұнымен қоса, еліміздегі шетелдік компаниялар мен ұлттық холдингтер өздеріне керекті мамандардың көбін шетелден шақыртып отырғанын ескерсек, отандық инженерлерге деген сұраныстың қаншалықты артып тұрғанын аңғаруға болады.

Қосымша емтихан алған дұрыс

Өкінішке орай, елімізде техникалық университеттер болашақ инженер мамандарды өте жақсы деңгейде дайындап отыр деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Өйткені, ЖОО-лардың материалдық-техникалық базасы, дәріс беру ісі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Онымен қоса, ҰБТ жолға қойылғалы бері, мысалы, журналистика, өнер саласын таңдаған талапкерлердің шығармашылық қабілетін сынап емтихан аламыз да, ал инженерлік мамандықтарға тапсырған үміткерлердің сол салаға бейімі, қызығушылығы бар-жоғын анықтап жатпаймыз. ҰБТ-дан кездейсоқ жоғары балл алып, грантқа түскен, бірақ техникалық мамандыққа ебі де, құлқы да жоқ үміткерлер топ-тобымен ЖОО-ға түсіп, еш құлшынысыз, ұмтылусыз-ақ қолына диплом алып шығады. Мүмкін техникалық, әсіресе инженерлік мамандықтарға тапсырған талапкерлердің сол

салаға қызығушылығын, шығармашылық қабілетін анықтау үшін қосымша емтихан алған дұрыс шығар...

Теория емес, практика керек

Сондай-ақ, көптеген ЖОО-да, тіпті ұлттық университеттердің өзінде техникалық мамандықтарды оқытатын оқу құралы, толыққанды жазылған оқулықтар жоқтың қасы. Олардың дені 70–80 жылдары шыққан ескі оқулықтар. Техникалық университеттердің материалдық базасын, оқу құралдарын толықтырмай жатып, қалай білікті маман даярлаймыз?

Әрине, оқулықтарда физика, математика, химияның заңдылықтары әрқашан сақталады. Бірақ оны іске асыру технологиясы үнемі өзгеріп тұрады емес пе? Қазір техника, технология дегендеріңіз күн сайын өзгеріп отыр. Мәселен, таяуда техникалық университетті бітіруші бір топ жас маман өндірістік-тәжірибеден өтуі үшін зауытқа барғанда ондағы техниканы көріп, таңқалған. «Біздің кітаптан оқыған бірде-бір техникамыз мұнда жоқ», – дейді олар. Сондықтан ЖОО-лар көптеген өндіріс орнымен, зауыттармен, ғылыми-зерттеу институттарымен келісім-шартқа отырып, студенттердің тек теориялық жағынан емес, практикалық жағынан да шыңдалуына көмектескені қажет-ақ болып тұр.

Өндірісті дамыту маңызды

Білікті кадр дайындау үшін білімді ұстаз қажет. Алайда, біздегі ЖОО-ларда жаңа техникалық мамандықтарға бейімделген білікті ұстаздар өте аз. Қазақстан ғылымында кадрлардың қартайып бара жатқандығын халықаралық сарапшылар да айтып жүр. Енді 60-70-80 жасқа келген ғалымдардың бірен-сараны болмаса, басым көбінің күнбе-күн өзгеріп жатқан жаңа технологиялардың барлығын сараптамадан өткізіп, елеп жатпайтыны белгілі. Ал ескі техникамен дәріс алған жас маман түрлі зауыттардағы жаңа станоктарға жақындай ала ма? Егер оны қалай қолдануды білмесе, зауыт басшысының да ондай маманды жұмысқа алмайтыны айдан анық.

Дегенмен, қай заманда болсын қандай маман иелері үлкен құрметке ие болса, жастар сол салаға бет бұрады. Мысалы, кеңестік кезеңде индустриялық бағдарламаны жүзеге асыра бастаған тұстан бастап бізде ең құрметті азаматтар инженерлер болды. Қаржы дағдарысына дейін мұнайдың бағасы жоғары болған кезде мұнай-газ саласы мен жалпы экономикаға, бизнеске жастардың көптеп келуі байқалды. Сонымен қатар, шетелдік компаниялардың төлейтін жалақы мөлшерлері жоғары болғандықтан, көптеген жастар шет тілін меңгеруді қолға алуда. Сондықтан бұл уақытша құбылыс секілді. Егер біз индустриялық-инновациялық бағдарламаларды қолға алсақ, инженерлік мамандықтарға деген сұраныс артады.

ТҮЙІН:

Міне, осындай себептерге байланысты еліміздің экономикасының дамуы үшін ауадай қажет болып отырған техникалық саланың сапалы мамандарына зәру болып отырмыз. Сондықтан тиісті орындар жоғарыдағы көтерілген мәселелерді ескеріп, мұны шешудің кешенді шараларын қолға алса, дұрыс-ақ болар еді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ербол БАТЫРБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:**

МЕКТЕПТЕН БАСТАП МӘН БЕРГЕН ЖӨН

Қазіргі кезде жастардың гуманитарлық пәндерге қарағанда технологиялық мамандықтарға аз баруы байқалады. Оның басты себебін мен мектептерде математика және басқа техникалық пәндердің дұрыс берілмеуінен деп түсінемін. Мансапқорлық психологиясы да бар шығар. Бірақ негізгі себебі, мектепте жөнді оқытылмаудан деп түсінемін. Математиканы жөнді меңгермеген бала техникалық мамандықтарға баруға жүрексінегенде қайтсін? Дегенмен, кейінгі уақытта техникалық салаға көңіл аударыла бастады. Президент те осы мәселені жиі көтеріп келеді. Мектептерде, жоғары оқу орындарында техникалық пәндерді оқытуды дұрыс жолға қоймайынша, жастарды инженер, программист, т.б. мамандықтарға тарта алмаймыз.

**Талғат ҚАСЫМХАНҰЛЫ,
С.Демирел университетінің
IT-саласы бойынша магистранты:**

КӘСІПОРЫНДАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ ҚАЖЕТ

Біз шикізаттық елміз. Өндіруші кәсіпорындар жоқтың қасы. Міне, осындай жағдайлар жастардың техникалық мамандықтарға құштар болмауының басты себебі деп ойлаймын. Өндірісі өркендеп тұрған Батыс елдерінде жекелеген кәсіпорындардың ішінде Білім беру орталықтарын ашып алған. Мысалы, Американың төрт мыңдай кәсіпорындары мен компанияларының ішінен ЖОО ашылған екен. Мамандарды дайындаудың жақсы бір әдісі осындай. Сонда техникалық мамандықтарды таңдаған инженерлер, бағдарламашылар да жұмыссыз қалмайтын болады. Сондықтан кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінің арасында тығыз байланыс орнатылу керек. Келісім-шарт негізінде болса, жастарда ертең жұмыссыз қаламын деген үрей болмас еді. Бір сөзбен айтқанда, өндірісі дамымаған елде техникалық мамандықтарға сұраныс та, қызығушылық та болмайды.

**Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы,
профессор:**

ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРУІ ТИІС

Бұл саланы дамыту үшін БАҚ өкілдері әншілерді қалай жұлдыз қылып көтерсе, инженерлерді де солай ардақтауы қажет. Онсыз болмайды. Қазір екі өлең айтса, кез келген әнші жұлдыз болып шығады, ал бөлен жыл уақытын сарп етіп, жаңалық ашып, ғылымға үлес қосып, жаңа технология ойлап тапқан өнертапқышты ешкім танымайды. Табысы да аз. Сондықтан бұл жерде қоғамдық көзқарас өзгеруі керек. Өнертапқыштардың әрбір ашқан жаңалығын көрсетіп, жарнамалап, ал өндіріске енбей отырған ғылыми жұмыстардың өмірге енуі үшін БАҚ өкілдері, жалпы қоғам барынша атсалысуы керек. Сонда ғана ғылым дамиды, өндіріс алға басады.

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-да 2022 жыл үшін халық алдындағы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өтті

2023 жылғы 25 сәуір, сейсенбі күні (басталу уақыты 16.00, аяқталу уақыты 17.45) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдын-да кәсіпорынның жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметі туралы 2022 жылдың қорытындылары бойынша жыл сайынғы есеп бойынша тыңдаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС (бұдан әрі – «АлЖЖ») ЖШС Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221-үй, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша көпшілік тыңдаулар өткізді. Сондай-ақ, ZOOM конференциясы арқылы онлайн трансляция өткізді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша негіздемелерімен тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау – «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-ның реттелін көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы есеп (бұдан әрі – есеп)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығының 299-тармағына сәйкес есеп мынадай ақпаратты қамтиды:

- табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат;
- бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;
- бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;
- табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы;
- табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;
- қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы.

1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат
«АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуді және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісі болып табылады.

«АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК), «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС (83 қазандық) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының жылытута және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

- 2022 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1359,88 км құрайды, оның ішінде:
- Магистральдық жылу желілері (МЖЖ) – 292,79 км;
 - Тарату жылу желілері (ТЖЖ) – 1067,08 км.

Табиғи монополия субъектісінің 2022 жылға арналған «Алматы жылу желілері» ЖШС инвестициялық бағдарламасының (жобасының) орындалуы туралы ақпаратты Қызмет түрі: беру, бөлу және жабдықтау

№ р/р	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Кірістер мен шығындар туралы есеп (жедел деректер*)	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы ҚҚС-сыз мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, ҚҚС-сыз мың теңге			Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы (жобадағы) көрсеткіштерінен ауытқу себептерін түсіндіру	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау		
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Зағтай көрсеткіштердегі саны			Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде қызметті ұсыну кезеңі	Жоспар	Факт	ауытқу	ауытқу себептері	Амортизация		Қарыздық қаражат	Бюджеттік қаражат	Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) байланысты іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) іске асыру жылдары бойынша қорытынды бағалау (активтердің тозуы) (нақты) төмендеу, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) іске асыру жылдары бойынша ысыраптарды төмендеу, %				Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) байланысты іске асыру жылдары бойынша шығындықты төмендеу	
				жоспар	факт							өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Күрделі жөндеу жұмыстары, қайта құрылымдау	кешенді жұмыс	4	4	2022	-4 584 735,00	739 642,17	739 642,17	0,00	-	739 642,17	-	-	1 816 026,96	-	-								
2		ЖШҚ әзірлеу	Жұмыс	12	12			113 577,51	113 577,51	0,00	-	113 577,51	-	-											
3		Мемлекеттік сараптама	Жұмыс	10	10			10 474,52	10 451,50	23,02	Мемлекеттік сатып алу қорытындылары есебінен үнемдеу	10 451,50	-	-											
4		Сорғы, желдеткіш, дәнекерлеу жабдықтары, электрқозғалтқыштар	дана	44	44			424 347,66	421 589,49	2 758,17	Мемлекеттік сатып алу қорытындылары есебінен үнемдеу	421 589,49	-	-		-	-								
5		Жылу алмастыру жабдығы	дана	6	6			24 344,00	24 344,00	0,00	-	24 344,00	-	-			60,0	59,2	15,58	17,50	2 138	2 172	-	-	
6		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	дана	502	502			107 244,25	107 244,25	0,00	-	107 244,25	-	-		-	-								
7		Ілмекті арматура	дана	44	44			97 581,40	97 581,40	0,00	-	97 581,40	-	-		-	-								
8		Электрондық жабдық	дана	41	41			39 187,00	37 341,08	1 845,92	Мемлекеттік сатып алу қорытындылары есебінен үнемдеу														
9		Құралдар мен саймандар	дана	37	37			14 335,20	14 335,20	0,00															
10		Капиталдандыру	кешенді жұмыс	1	1			11 920,52	11 920,52	0,00	-	11 920,52	-	-		-	-								
				701	701		-4 584 735,00	1 582 654,22	1 578 027,11	4 627,11		1 526 350,83		0,00	1 816 026,96										

3. Бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы
2022 жыл үшін жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаны орындау.

ҚҚС-сыз

№ р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2022 жыл үшін орындалуы	%	Ескерту
1	2	3	4	5		
1.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың тенге	13 351 586	18 938 535	42%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың тенге	1 438 740	1 669 279	16%	
	Оның ішінде:					
1.1	Шикізат пен материалдар	мың тенге	66 760	76 011	14%	Өндірістік жұмыстарға арналған шикізатты, материалдарды, тауарларды сатып алудың ұлғаюына, сондай-ақ материалдар мен тауарларға бағаның ұлғаюына байланысты
1.2	ЖКМ	мың тенге	113 467	114 236	1%	
1.3	Су және көріз жүйесі	мың тенге	24 261	24 687	2%	
1.4	Энергия	мың тенге	1 234 252	1 454 344	18%	Электр энергиясына тарифтің 1 қыркүйектен бастап 7,5%-ға, сондай-ақ, «АлЭС» АҚ жылу энергиясына 1 қыркүйектен бастап 6,9%-ға және «АЖКЭ» ЖШС 1 қазаннан бастап 12,6%-ға өсуіне байланысты
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы	мың тенге	4 227 527	4 262 876	1%	
3.	Амортизация	мың тенге	1 572 303	5 035 525	220%	Бекітілген амортизацияның нақты амортизацияға сәйкес келмеуі
4.	Нормативтік ысыраптар шығындары	мың тенге	5 071 933	6 314 381	24%	«АлЭС» АҚ жылу энергиясына тарифтің 1 қыркүйектен бастап 6,9%-ға және «АЖКЭ» ЖШС-нің 1 қазаннан бастап 12,6%-ға өсуіне, сондай-ақ, тенгерімге қабылданымына байланысты желілер ұзақтығының ұлғаюына байланысты
5.	Жөндеу	мың тенге	793 249	1 408 425	78%	Апаттық-қалпына келтіру жұмыстарының көлемінің ұлғаюына байланысты 2022 ж. 31.12 жағдай бойынша желілердің тозуы 59,2% құрайды

6.	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың тенге	1 216	1 155	-5%	Үнемдеу автокөлікті сату себебінен пайда болды
7.	Бюджет ұйымдардың қызметтері, барлығы	мың тенге	246 618	246 894	0%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың тенге	1 714 314	1 826 636	7%	
9.	Сыйақы төлеуге арналған шығыстар	мың тенге	5 749	5 749	0%	«Нұрлы жол» кредиттік шартының талаптарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,02%-ға тең және төлем жыл сайын желтоқсанда жүргізіледі
III	Қызметтерді ұсынуға арналған барлық шығындар	мың тенге	15 065 900	20 765 171	38%	
IV	Пайда	мың тенге	0	0	0%	
V	Барлық кірістер	мың тенге	15 065 900	20 765 171	38%	
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың Гкал	6 354,8	6 043,7	-5%	
VII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	16%	18%	13%	
		мың Гкал	1 173	1 295	10%	
VIII	Тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/Гкал	2 370,77	3 435,82	45%	

4. Реттеліп қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы:
«АлЖЖ» ЖШС үшін 2022 жылғы 11 қаңтардағы №01-НҚ бұйрығымен тарифтің және тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейі шығынды әдіспен бекітілді, осыған байланысты 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының 13-тарауында жазылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері, субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштері «АлЖЖ» ЖШС үшін бекітілмеген.

5. Табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы:
«АлЖЖ» ЖШС үшін 2022 жылғы 11 қаңтардағы №01-НҚ бұйрығымен тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейі шығынды әдіспен бекітілді, осыған байланысты 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының 10-тарауында жазылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері «АлЖЖ» ЖШС үшін бекітілмеген.

6. Қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы
2022 жылы Кәсіпорын 46 821,38 млн тенге мөлшерінде кіріс алды, кірістің негізгі үлесі жылу энергиясын өткізуге 85,9%-ға келеді; ЖАО-дан бөлінген ақшалай қаражаттың үлесі жалпы табыстан 6,4% құрайды, ақшалай қаражат «АлЭС» АҚ және «АЖКЭ» ЖШС жылу көздері алдындағы кредиторлық берешекті жабуға бөлінді; Кәсіпорынның басқа және өзге кірістеріне жалпы кірістің 7,7% келеді.
2022 жыл үшін шығыстар 51 406,11 млн тенгені құрады, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға тиесілі – 65,8%.



Сонымен қатар, негізгі шығындар бөлінеді: Амортизация – 10%; жалақы – 9,15%; электр энергиясы, сапалықтар және жөндеу – 7,57%; сондай-ақ, басқа шығындар – 8%. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтиже 4584,74 млн теңге мөлшерінде шығынды құрады.

7. **Реттелін көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы**
– Жылу көздерінен сатып алу – 7399,3 мың Гкал. құралды, өткен 2021 жылмен салыстырғанда 286,9 мың Гкал немесе 3,7% төмендеді.
– Сатылды – 6043,7 мың Гкал., 2021 жылға қатысты 8%-ға төмендеді (507,8 мың Гкал);
– Өз қажеттіліктеріне пайдаланылған 17,5 мың Гкал;
– Коммуналдық желілер бойынша нормативтік ысыраптар – 43,6 мың Гкал;
– Нормативтік ысыраптар – 1173,2 мың Гкал;
– Нормативтен тыс ысыраптар – 121,3 мың Гкал, өткен 2021 жылмен салыстырғанда 173%-ға өсті.

8. **Реттелін көрсетілетін қызметтер тұтынушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы**
– 2022 жылы жеке ыстық су есептегіштерін көрсеткіштерді қабылдау бойынша Telegram-Bot іске қосылды. Бұл ботты құру Серіктестіктің биллинг жүйесімен интеграциялау арқылы есептегіштерден көрсеткіштерді автоматты режимде беруге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда бұл қызметті 212 тұтынушы пайдаланды. Telegram-Bot сілтемесі Кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған. Telegram-Bot (https://t.me/Alm_Teploset_bot) қосымшасында ыстық су есептегіштерінің көрсеткіштерін беру бойынша қадамдық нұсқаулық көрсетілген;
– 2022 жылдан бастап «АлЖЖ» ЖШС заңды тұлғалары мен өзге де тұтынушыларының жылумен жабдықтау қызметтері үшін kasp.kz мобильді қосымша арқылы төлем жасауға мүмкіндігі бар, сонымен қатар, Серіктестіктің барлық тұтынушылары (жеке және заңды тұлғалар) осы қосымша арқылы қайта қосылу, мемлекеттік бағды төлеу және атқарушы жазудың шығыстарын төлеу сияқты қосымша қызметтер үшін төлем жасай алады;
– Жылу тасымалдағыш пен жылу энергиясының нормативтен тыс ысыраптарын қысқарту және болдырмау мақсатында 2022 жылы «Жылу инспекциясы» жаңа құрылымдық бөлімшесі құрылды, оның негізгі міндеті жылу тасымалдағыш пен жылу энергиясының шығыны мен ұтымды пайдаланылуын есепке алуды бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

9. **Қызмет перспективалары, оның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы**
– 2023 жылға көшумен 2024 жылға жалпы ұзындығы 11,2 км болатын 11 жылу желілерінің объектілерін ҚҚС-пен 15,7 млрд теңге сомасына қайта құрылымдау жоспарланған. 1-кабельдік желі ҚҚС-мен сомасы 121,7 млн теңге.
– ҚЖН бағдарламасы бойынша ҚҚС-мен 14,4 млрд теңге сомасына жалпы ұзындығы 9,8 км 9 жылу желілерінің объектілерін қайта құрылымдау жоспарланған;

– «АлЖЖ» ЖШС инвестициялық бағдарламасы бойынша ҚҚС-мен 1,3 млрд теңге сомасына жалпы ұзындығы 1,4 км 3 жылу желілерінің объектілерін қайта құрылымдау жоспарланған.

Ескерту: УТ5-8, ТМ-1, ТК8-26, М-8 жылу желілері бойынша жобалар (екі жылдық).
Дедиторлық берешекті қысқарту:
– Дебиторлық берешек үшін тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау қызметтерінен өшіру;
– Сотқа дейінгі хабарламалар беру;
– Дебиторлық берешекті есептен шығару (сот шешімі, кәсіпорынды тарату, банкроттық және т.б.);
– «Қарызды төле – өсімпұлды алып тастаймыз!» акциясын өткізу;
Нормативтен тыс ысыраптарды қысқарту:
– Қазандықтар мен сорғы станцияларын ысыраптар мен ағып кетулер бойынша талдау жүргізу;
– Жылу энергиясының жоғалуын қадағалау және оларды қолданыстағы нормативтермен салыстыру;
– Жылу энергиясын рұқсатсыз пайдалануды анықтау.
Қызметті оңтайландыру:
– Жылумен жабдықтау қызметтерін өшіру және қосу актілері бойынша деректерді енгізуді автоматтандыру, шебер клиентті әзірлеу;
– Қаржы лизингі бағдарламасы бойынша белгіленген жылу энергиясын есепке алу аспаптарын тұтынушылардың теңгеріміне беру;
– Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар мен нұсқаулар әзірлеу;
– Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
– Интеграция және автоматтандыру кәсіпорынның биллингтік жүйесіне «ЛЭРС-есепке алу» бағдарламалық жасақтамасынан деректерді енгізу.
Өзге де қызметтер:
– НҚА-ға енгізілген өзгерістерге байланысты тарифті өзгертуге өтінімді жолдау;
– Саны 2000 бірлік импультік шығысы бар ыстық су есептегіштерін сатып алу;
– Саны 600 бірлік мөлшерінде ыстық су есептегіштерінен көрсеткіштерді қашықтықтан түсіруге арналған модемдерді сатып алу;
– Саны 3000 бірлік ыстық су есептегіштерін орнату және ауыстыру;
– Суық су есептегіштерін ауыстыру бойынша қызметті енгізу;
– Көрсеткіштерді (модемді) қашықтан алу құрылғысын орнатқаны үшін төлемакыны ТМРКД-мен келісу;
– «АлЖЖ» ЖШС-ның автоматтандырылған жылу пункттеріне, көпөтерлі тұрғын үйлерді жылыту жүйесіне қызмет көрсету жөніндегі өзге де қызметін заңдастыру.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазпошта» акционерлік қоғамы **2023 жылдың 3 сәуірінен бастап 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына** газеттер мен журналдарға жазылу науқаны басталғандығын, сондай-ақ оның 2023 жылдың 25 маусымына дейін жалғасатынын хабарлайды.

2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына Қазақстан Республикасы басылымдарына жазылымды «Қазпошта» АҚ-ның «Газеттер мен журналдар» каталогы бойынша 2023 жылға арналған (жылдық және 2-ші жартыжылдығы) каталогтары бойынша рәсімдеуге болады.

Өзіңізді қызықтырған қосымша ақпаратты кез келген пошта байланысы бөлімшесінде, пошта байланысы аудандық (қалалық) топтарында, поштаматтарда, www.kazpost.kz сайтында және «Қазпошта» АҚ-ның Байланыс орталығынан мына нөмірлер арқылы ала аласыз:
– post.kz сайтындағы Qpost бот арқылы тегін қоңырау шалу;
– +7 (727) 259-06-05 нөмірі бойынша Алматы тұрғындары үшін тегін.

Сондай-ақ, каталогтарға енгізілген басылымдар бойынша және де 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына газеттер мен журналдарға жазылымды рәсімдеудің мерзімдері мен тәртіптері туралы қосымша ақпарат алу үшін Сіз тікелей «Қазпошта» АҚ-ның аймақтық филиалдарына немесе «Пошталық сервис» филиалына 8 (727) 259-77-29, 259-75-99 нөмірлеріне тікелей хабарласа аласыз.

Құрметті жазылушылар! Біздің қызметтерімізді пайдаланыңыздар! «Қазпошта» АҚ-да газеттер мен журналдарға жазылымды рәсімдесеңіздер, Сіздер жазылған басылымдарыңызды уақытылы алып тұрасыздар!

«Қазпошта» АҚ.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛҒЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртеккі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:
Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65500) – 3603 теңге.
ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 55500) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі №2/220-244 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрінің ақпаратында көрсетілген ескертулерді жою бойынша шаралар қабылдау және сібір жарасын көмудің санитарлық-қорғау аймақтарында алдағы уақытта санитарлық ережелерінің бұзылу фактілеріне жол бермеу бойынша жұмысты ұйымдастыру бойынша отырысының 2023 жылғы 6 наурыздағы хаттамасына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сібір жарасын көмудің санитарлық-қорғау аймақтары үшін Абилжамен Куанышев Гилимовтің, Надира Мухтаровна Базарбаеваның Алматы қаласының Медеу ауданындағы «Горный гигант» өндірістік кооператив, 2585 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-072-110), жалпы ауданы 1,9762 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТОБЫЛҒЫ ЖАРҒАН» АМАЛЫ



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Айдың 20–25-і күндері аралығында Сәуір амалы өтті. Даланың адал құстары: қаз-үйрек, т.б. жұмыртқа сала бастады. 28–29 сәуірде суық жел соғып, ол 2–3 күнге созылады. Тобылғы мен қараған бүршігін жарады. Қариялар бұл амалды «Тобылғы жарған» дейді. Тобылғының бүршік жаруымен бірге, өсімдік тамыр жаяды (сол-түстік өңірде), көк шығады, табиғат жасыл түске енеді. «Тоң кетті, тобылғы бүршік жарды» деп малшылар қуанады. Қазір осы амал жүріп жатыр...



Тобылғы – раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық бұта. Бүгінде Қазақстандағы далалы, таулы жерлерде өсетін 10 түрі бар. Тобылғыны бабаларымыз көптеген ауруларды емдеу үшін пайдаланған. Тобылғының тұнбасымен ірінді жараны жуып, тазалағыш ретінде де қолданған. Бұл тәсіл медицинада әлі қолданылып келеді. Тобылғы шәйін жүрек, бас ауырғанда, жүйке жүйелері шаршаған кезде ішіп отырған.

Айдың соңына қарай дала тасбақасы қысқы ұйқысынан оянып, жер бетіне шығады. Осы кезде бірнеше күн қатарынан

шанды, боранды қатты жел соғады. Ол «Тасбақа дауылы» деп аталады. Қысқы ұйқысынан оянган әлсіз тасбақа сауыттының үстінде қалған құм, топырақты өздігінен түсіре алмайды, сол соғатын дауыл ұшырып әкетеді. Міне, табиғаттың кереметі деген осы емес пе?

Үш күннен кейін амалы көп, қарбаласы мол мамыр айы табалдырықтан аттайды. Мал төлдеп, көген кеңейіп, өріс кеңейіп, жаңа тіршілік жар салады. Қой қырку, жылқы күзеу, түйе жүндеу, бие

байлау дегендей, қым-қуыт тіршілік басталады. Құстардың ұя салып, жұмыртқасын шайқауы, балапанын шығаруы осы айдың еншісінде. Еліміздің оңтүстік аймақтарында дала, егіс жұмыстары қарқын алады.

Мамыр сөзі көне түркі тілінде – тоқшылық, қондану ұғымын білдіреді екен. Мамырда адамның ерні аққа тиеді, сүт көбейеді әрі қоюланып, майлылығы артады. Сәуірді «көк ішек айы» деген бабаларымыз мамырды «май ішек» деп атауы тегін темес.

Қазақы пайымның айтуынша, сәуірдің соңы мен мамырдың басында (27 сәуір мен 4 мамыр аралығында) Алматыда ауа райы құбылмалы болатын сыңайлы. Жауын-шашын көбейеді, дүркін-дүркін екпіндетіп жел тұруы, найзағай ойнауы ғажап емес. Бірақ күн жылылығын сақтайды.

Қазір Алматыда жеміс ағаштары түгелдей гүлдеп, жайнап тұр. Өрік пен шие түйнек сала бастады. Ару қала сан алуан гүлдерімен, толассыз тіршілігімен ерекше құлпыра түсуде. Көктем шыққанша алда әлі бірқатар амалдар барын ұмытпаған жөн. «Қызыл жұмыртқа», «Саратан-зауза», «Құралайдың салқыны» амалдары кезек күтіп тұр. Жаңа айдың үшінші жаңасын көрдік. Кеудесі көтеріліп, жайласып жатыр. Мұндайды қазақ «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз» деген...

Мамыр айының алғашқы онкүндігіне арналған.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады. Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады. Құр мен шіл құрқылдап пана іздесе, ұзамай боран басталатынын білдіргені. Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді... Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды болады деп күткен жөн.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

АНАСЫНЫҢ ҚОЛҒАНАТЫ

Мешіт қызметкерлері тазалықшы балаға велосипед сыйлады



TikTok-та велосипед мінген Мұратбек деген 10 жастағы баланың видеосы бірер күннің өзінде 4 млн-ға жуық қаралым жинаған. Ол кешегі Қадір түнінде көптің ықыласына бөленіп шыға келді. Қалай дейсіз ғой? Айтайық.

Мұратбектің анасы Алматының Алатау ауданындағы «Дархан» мешітінің тазалықшысы екен. Ал баласы – оның қолғанаты. «Мұратбектің анасы үнемі мешіт тазалайды. Білесіздер, ие? Мешітіміз таза болып тұратын болса, соның ішінде Мұратбектің үлесі – 50 пайыз. Тарауыққа шығып бара жатқанда үнемі көретінім – балалар шашып тастағанды осы Мұратбек жинап жүреді. Әйтпесе, өзі де ойын баласы ғой. Біз намаз оқуға кетіп бара жатқан кезде анасының шаңсорғышына су құйып алып, асты-

на қарай түсіп келе жатады, төменді тазалау үшін. Әжетхананы да осы бала тазалап жүр. Біз намаз оқып кеткеннен кейін тағы да келіп, тазалап жүргені. Біз істей алмай жүрген нәрселерді істеп жүр. Сөйтіп, ойландық, Қадір түнінде бір балдырғанды қуантсақ деп», – деді мешіттің бас имамы Айдос Шарапбекұлы паракшасындағы видеода.

Қадір түніне жиналған жамағаттың алдында мешіт қызметкерлері кішкентай Мұратбекке велосипед сыйлады. Баланың қуанышында шек болмады, жанарына келіп қалған жасын да жасыра алмады. Өсерлі видео астында «Алла береді бұл балаға!», «Осындай иманды ұрпақ тәрбиелеп жатқан анасына Алла жар болсын!», «Анасын ойлап жүр ғой, бауырым, өмірі ұзақ болсын!», «Көзіме еріксіз жас келіп қалды ғой», «Ниеті түзу бала екені көз жасынан көрініп тұр» деген пікірлер қалдырып жатты отандастарымыз. «Нөмірі бар ма, ақша аударсақ, сыйлық жасасақ» деген тілеулес жандар да көп болыпты.

Мұратбек – үш баланың ортаншысы. Арманы – жоғары оқу орнына түсіп, иманды жігіт болып өсіп, ата-анасын қажылыққа апару. Мешітте еден жуатын анасына қолғабыс етіп жүрген бала жай жүрмей, Құран сүрелерін жаттап жүріпті. Алланың көркем есімдерін де жатқа білетін баланың отбасы пәтер жалдап тұрады екен. Енді мешіт қызметкерлері олардың үй алуына қор ашып отыр.



ҚАҒАРМАН БАЛАҚАЙ

Қарындасын қорғау үшін құтырған итпен жалғыз алысқан балдырған «Әлемнің үздік күрескері» атанды

«Ұлым көп қан жоғалтты, өліп қалатын шығар деп қатты уайымдадық. Құтырған иттің тістері оның бетінің терісін түгел жұмлап тастаған, салбырап, арғы жағынан сүйегі көрініп тұрды. Дәрігерлердің алтын қолының арқасында қалыпты өмірге қосылдық», – дейді баланың әкесі Роберт Уолкер.

Оның айтуынша, бұл оқиға туралы БАҚ беттеріне немесе әлеуметтік желіге салу туралы мүлдем ойламапты. Өздерімен-өздері қайғы болып жүргенде, баланың әпкесі Николь видеоны Instagram парақ-

шасына жүктеп жібереді. Сонда барып бүкіл Америка қаһарман балақай туралы хабардар болған екен.

«Егер қазір екеуіміздің біреуіміз өлуіміз керек болса, онда менің өлгенім дұрыс», – деп ойлаған екен алты жасар балдырған өздеріне ит шаба бастаған сәтте. Оның БАҚ-қа берген бұл сөзі ауыздан-ауызға тарап кетті.

Осы ерлігінен соң өжет балаға Голливуд жұлдыздары, танымал актерлар хабарласа бастаған. «Мстителі» кинокартинасының өкілдері оған телефон соғып, сыйлық-

Алты жастағы Бриджер Уолкер (АҚШ-тың Шайенн қаласынан) кішкентай қарындасын құтырған дәу иттің аузынан аман алып қалды. Бірақ өзі айтарлықтай жарақаттанған. Бетіне 90 жерден тігіс түскен балақай бір күнде әлеуметтік желінің жұлдызына айналып кетті.

тар жөнелткен. Ал Брет Майклс деген танымал рок-орындаушы болса, авторлық қолтаңбасымен бірге акустикалық гитара әкеп сыйлаған. Дүниежүзілік боксерлік кеңес (WBC) болса, қайсар балдырғанды «Әлемнің құрметті чемпионы» деп таныған. Кішкентай американдықтың үлкен ерлігі «WBC тарихындағы тарихи рекорд» деп бағаланған. Ал баланың өзіне «Әлемнің үздік күрескері» атағы берілген.

Бәлкім, Бриджер болашақта кәсіби боксқа ден қояр, кім білсін. Бірақ ол қазір әкесімен бірге джитсумен айналысып жүрген көрінеді. «Ұлым бүгінде есейіп қалды, өзіне-өзі тым сенімді, батыл болып көрінеді маған. Меніңше, оның қарындасын да, өзін де аулы итпен құтқарып қалуға джитсу-джитсу көмектесті деп ойлаймын», – дейді жүрегін мақтаныш кернеген әкесі Роберт.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.